

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№138 (9456) | 1954 жылғы 13 июль Сейсенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қазақстан кәсіподақтары Советінің II пленумы (1-бет).
КОМБАЙНДАРДЫ ЕГІН ЖЫЙНАУҒА ТОЛЫҚ ӘЗІР ЕТЕЙІК:
Н. Гайворонский.—Егінді бысырапсыз жыйнап алу үшін күресеміз. **Т. Есенов.**—Элеватор жаңа астықты қабылдау алдында (1-бет).
Ж. Мұзапаров.—Сауда орындарына нақтылы басшылық жасау керек (2-бет).
ЕГІНДІ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ БАШТАП, ҚУТУ —МОЛ ӨНІМ АЛУ
КҮРЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ: В. Ан.—Отамалы дақылдар арам шептен тазартылуда (2-бет).
Ә. Сүлейменов.—Қызыл тулы бригадада (2-бет).

Қузбас музыкалы комедия театры Петропавлда (3-бет).
МЕКТЕПТЕР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНСІН:
Б. Темірболатов.—Біздің маңызды міндеттеріміз. **Б. Жақыпов**—Елеулі кемшіліктер орын алған жерлерде (3-бет).
А. Бобров.—Тафт-Хартлидің заңы деген не? (3-бет).
«Европалық бірлестік» туралы договорға қарсы (4-бет).
БҰҰ-ның өз қамқорлығындағы жерлердегі тұрғындардың петициясын қарау үшін қамқорлық жасайтын тұрақты комитеті советінің мәжлісі (4-бет).
Германиядағы кездейсоқ апат (4-бет).
Уругвайда салық ауыртпалығының өсуі (4-бет).

Насихатшы—партия оқуында негізгі тұлға

Біздің партиямыз коммунистер мен барлық кадрларымыздың идеялық-теориялық білім дәрежелерін арттыру мәселесіне үнемі назар аударып, оған зор қамқорлық жасауда. Осының нәтижесінде маркстік-лениндік теорияны үйрену, оны өздерінің практикалық жұмысында бастылыққа алу кадрлар мен коммунистердің дағдылы ісіне айналды.

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың партия ұйымы партия оқуының 1953—1954 оқу жылдарында партия насихатын ұйымдастыруда бірқатар жұмыстар істеді. Партия ұйымдары СОКП Орталық Комитетінің нұсқауын жүзеге асыра отырып, партия оқуы жүйесінде еріктілік принципі сақтау, насихатшыларды іріктеп алу және тәрбиелеу, үйірмелер мен саяси мектептерде және партия оқуының басқа да буындарында сабақтың идеялық мазмұнын арттыру мәселелері жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырды.

Партия ұйымдарының осы шараларының нәтижесінде саяси мектептер мен үйірмелер, партия мектептері тыңдаушыларының құрамы қайта қаралып, кәріліктері және басқа себептермен оқый алмай жүрген 165 коммунист оқудан босатылды. Коммунистердің еріктілік принциптері ескерілмей, ұйымдастырылған кейбір үйірмелер мен мектептердің құрамы таратылды. Мәселен, Соколов аудандық кешкі партия мектебінде бұрынғы оқу мектепті бітіріп куәлік алғандар оқып келген. Сондықтан февраль айында мектептің жұмысы тоқтатылды, тыңдаушылар маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқыйтын болды. Осы сыяқты, партия оқуы жүйесінде еріктілік принципі жүзеге асырудың нәтижесінде облыс бойынша партиямыздың тарихы мен теориясын өздігінен үйренуші адамдардың саны 466-дан 1115 адамға дейін артты.

Сонымен қатар, партия ұйымдары насихатшы кадрлардың теориялық білімдері мен методикалық шеберліктерін арттыру ісін біраз жақсартты. Насихатшылардың тұрақты семинарларында партия тарихы бойынша және басқа да теориялық тақырыптарда лекциялар оқумен бірге, кәсіргі саяси-шаруашылық міндеттерді жүзеге асыру жөнінде баяндамалар жасалды. Онда насихатшылардың тәжірибе ауыстыру жұмыстары тығыздықпен ұйымдастырылды. Бұл жөнінде Мамлют, Петропавл аудандық партия комитеттерінің жұмыстары


нің жете назар аудармағанын дәлелдейді. Ленин, Конюхов, Приешім, Совет, Полудень аудандық партия комитеттері өткен оқу жылында насихатшылардың семинарын небары 4—5 рет қана өткізді. Соның өзінде ол семинарлардың бірқатарының мазмұнды ұйымдастырылуы қамтамасыз етілмеді. Ленин аудандық партия комитеті насихатшылардың семинарларында лекция оқу жұмысына тек мектеп оқытушыларын ғана қатыстырып, саяси даярлығы мол басшы партия, совет қызметкерлерінің насихатшылар алдында лекция оқып, баяндама жасауын қамтамасыз етпеді. Аудандық партия комитеті жазғытұрым өткізген бір семинарда оқу программасы бойынша қарастырылмаған тақырыпта лекция оқуға жол беріп, қателік істеді. Бұл партия оқуында насихатшылардың ролін бағаламаушылық болып табылады.

Кәзір, партия оқуының жаңа оқу жылына әзірлік кезінде партия ұйымдары өткен жылдың кемшіліктерін қайтамалау үшін алдын-ала қажетті шараларды жүзеге асыруға тиіс. Мұнда насихатшы кадрларды іріктеп алудың және тәрбиелеудің зор маңызы бар. Өйткені, насихатшы—партия оқуында негізгі тұлға. Міндет—насихатшы кадрларды партия насихатынан тәжірибелері мол, жоғары және кемінде орта дәрежелі білімдері бар коммунистер есебінен іріктеп алуға болып отыр. Сонымен қатар, насихатшы кадрлардың, әсіресе, оқу жылы басталғанға дейін теориялық және методикалық білімдерін арттыруларына көмектесу—басты міндет.

Үстіміздегі жылдың I шілдесінен бастап облыстық партия комитетінің жанында насихатшылардың бірайлық курсы өткізіліп жатыр. Мұнда партия және комсомол оқуы жүйелеріндегі насихатшылардан 200 ден аса адамдар оқуда. Олар теориялық тақырыптарда лекциялар тыңдауда. Онда партия оқуы жүйесінде СОКП-ның съездері мен конференцияларының, пленумдардың материалдарын үйренудің тәжірибелері және басқа да методикалық тақырыптарда баяндамалар жасалауда. Курсте насихатшылар жұмыс тәжірибелерімен ауысады. Бұл курстың партия насихатын ұйымдастыру жөнінде зор маңызы бар екені мәлім. Алайда, кейбір аудандық партия комитеттері, әсіресе, Конюхов аудандық партия комитеті курске насихатшылардың толық келуін ұйымдасты-

Комбайндарды егін жыйнауға толық әзір етейік

Ставропольдіктердің шақыруына жауап



Коновалов МТС-інде өздігінен жүретін комбайндарды жөндеу аяқталып келеді.

СУРЕТТЕ: комбайншы **И. Терехин** жолдас өзі жөндеп жатқан өздігінен жүретін комбайнның моторын тексеріп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Нақтылы іспен жауап беремін

Менің комбайншы болып осы МТС-те еңбек еткеніме бірнеше жыл болды. Жыл сайын егін жыйнау маусымы кезінде тіркеудегі екі «Сталинец—6» комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келдім. Егін жыйнауға үздік табыстарға жеткенім үшін Үкметіміз мені 1950 жылы Ленин орденімен наградады.

Мен соңғы жылдары еңбек өнімділігімді бұдан да арттырдым. Былтыр тіркеудегі екі «Сталинец—6» комбайнымен маусымдық тапсырманы екі есе орындау үшін жөндеу жұмысына ерте кірістім. Осының нәтижесінде бұл уақытқа дейін маған бекітілген комбайндар сапалы жөнделіп болды. Жөндеу сапасы сондай жақ-

Егінді бысырапсыз жыйнап алу үшін күресеміз

Быылғы облысымызда, оның ішінде біздің совхозда да егіс көлемі өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылды. Мұның өзі комбайншыларға аса жауапты міндет жүктейді. Комбайншылар егінді қысқа мерзімде бысырапсыз жыйнап алуға, сөйтіп, совхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызы—астық тапсыру жоспарын мерзімінде, толық орындауына көмектесуге тиіс. Сондықтан комбайншылар комбайндардың қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, еңбек өнімділігін арттыра беруге міндетті.

Өткен жылы 920 гектар егін жыйнап, 12800 центнер астық бастырғанмын. Әрине, бұл жоғары көрсеткіш емес. Комбайндар техникалық жағынан тоқтаусыз жұмыс істегенімен, совхоз басшылары агрегаттарды қамтуда бірқатар кемшіліктерге жол берді. Комбайндардың бунжерінен қырмандарға астық тасыйтын транспорттардың жеткіліксіздігінен агрегат кәй күндері екі- үш сағат тоқтап тұратын болды.

Егін жыйнауға күнделікті тапсырманы артық орындау, астықты көптеп бастыру жолындағы Ставрополь комбайншыларының шақыруына үн қоса отырып, мен өзіме көтеріңкі міндеттемелер алдым. Былтыр 1200 гектар егін жыйнауға тиіспін.

Бұл міндеттемемді орындауға совхоз басшылары тарапынан бірқатар шаралар белгіленді. Маған жаңадан 2 «Сталинец—6» комбайнның бөлі. Комбайндарды сүйреуге жаңа «С-80» тракторы беріліп отыр. Мұның өзі комбайндардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Өткен жылдары еңбек өнімділігінің төмен болуына негізгі себеп—комбайн бунжер-

лерінен қырмандарға астық тасыйтын транспорттардың аздығы болса, былтыр бұл кемшілік болмайды. Біздің агрегатқа совхоз дирекциясы үш тонналық бір жүк автомобилін бөлі.

Бір маусымда 1200 гектар егін жыйнау үшін күнделік жұмыс тапсырмасын үнемі артығымен орындап отыру қажет. Агрегат мүшелері бұл көрсеткішке жету үшін комбайндарды жұмысқа тәулігінде кемінде 22 сағат пайдаланады. Бұл үшін олар жұмысты кезектесіп істейтін болады.

Өнімді еңбек ету үшін әрбір комбайн агрегатында маршрут жоспары болуы керек. Бізде былтыр маршрут жоспары болады. Ол жоспар агрегат мүшелерінің және агрономдардың қатысуымен жасалады. Онда әрбір участоктің ерекшелігі, егіснің пісуі жете ескеріледі. Бұл жоспарда жұмыс уақытының әрбір сағатын қалай пайдаландың жолдары көрсетіледі. Кәзірдің өзінде мен комбайн жұмыс істейтін участоктерді көріп таныстым. Кейбір учасоктерде аздаған арампөптер бар. Бұл арампөптерді жою жөнінде совхоз басшыларына талап қойғаннан кейін олар арампөпті өтауды ұйымдастырды.

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысы және Ставрополь өлкесі Петров МТС-і комбайншыларының күнделік тапсырманы артық орындау, астықты көптеп бастыру жолындағы бастамасы совхоз комбайншылары арасында қызу қолдау тауып отыр. Агрегат мүшелері комбайндардың қуатын егін жыйнауға өнімді пайдалана отырып, жаңа табыстарға ие болады.

Н. ГАЙВОРОНСКИЙ,
Совет совхозының комбайншысы.

Элеватор жаңа астықты қабылдау алдында

Мамлют элеваторының коллективі СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын жаңа астықты қабылдауға әзірлік жөніндегі қызу еңбек өрлеуі жағдайында, зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Элеватор коллективі Пленум қаулысымен танысқаннан кейін оны қызу қолдай отырып, астық қабылдау

рды. Бұл, астық қабылдауды тездету түсуге қолайлы жағдай туғызады. Элеватордағы барлық астық келтіргіштер де жөнделіп болды.

Дайындау пунктін жаңа астық қабылдауға барлық жағынан бірдей әзір етуге біздің қолымыз жеткілікті.

Облысымызда ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

(10 июльдегі мәлімет)

Жоспардың орындалу проценти

МТС аттары	Тың зер жыйну	Шөп шығу	Комбайн жөндеу
Чистян	87,9	27,7	31,0
Суворов	109,2	35,7	62,7
Булаев	62,2	45,5	57,7
Калинин	111,3	48,7	43,9
Образцовый	74,9	47,3	39,6
Куйбышев	79,5	51,1	53,6
Ильич	86,8	38,6	36,0
Пуршкин	71,8	60,1	53,5
Интернационал	70,6	39,3	56,2
Чапаев	112,9	33,5	52,0
Вильямс	51,2	26,5	57,3
Коновалов	70,4	31,1	34,0
Торангул	73,6	38,0	55,0
Ворошилов	83,0	44,2	49,0
Семиполяк	69,1	27,2	31,6
Петропавл	86,1	30,3	34,2
Асанов	112,0	32,6	55,0
Полудень	114,6	26,1	57,8
Ново-Георгиев	106,3	20,1	39,5
Преснов	87,5	35,4	35,3
Баян	69,0	29,1	53,6
Майбалық	50,0	28,2	19,0
Николаев	88,1	31,3	47,0
Приешім	90,5	30,1	19,2
Ленин	86,8	36,4	36,7
Тимирязев	92,7	33,3	33,3
Соколов	117,7	22,7	46,6
Налобин	113,2	24,6	41,0
Совет	89,3	38,3	44,6
Сартмар	75,0	39,6	34,4
Шағлы	81,5	31,6	34,0

МТС-тер бойынша	81,4	33,8	43,9
Совхоздар бойынша	49,9	50,4	52,0

Мәліметте көрсетілгендей облысымызда тұтас алғанда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы өте-өте қанағаттанғысыз болып отыр. Үстіміздегі жылы ауылшаруашылық жұмыстарының қай түрін болса да ұйымшылдықпен жүргізуге қажетті күш-мүмкіншіліктердің барлығы да бар. МТС-тер мен совхоздардағы техника күшінің қуаты да да жұмыстарына толық пайдаланылған болса, онда

басқаларға үлгі боларлықтай.

Насихатшылармен жұмыс өзінің тиісті нәтижесін берді. Партия оқуы жүйесіндегі сабақтың мазмұны жақсара түсті. Мәселен, Петропавл ет-консерві комбинаты, қалалық финансы бөлімі, Октябрь ауданындағы Абай атындағы колхоз партия ұйымдарының насихатшылары Неделько, Прядко, Ақынов жолдастар үйірме сабақтарының мазмұнды ұйымдастырылуына қамтамасыз етті. Олар теориялық мәселелерді кәсіпорындары мен колхоздардың алдында тұрған нақты міндеттермен байланыстыра білді. Үйірме тыңдаушылары қорытынды сабақтарда маркстік-лениндік теорияны терең игергендіктерін байқатты. Мұндай насихатшылар облысымызда көптеп саналады.

Солай бола тұрса да, оқу жылының қорытындысы бірқатар үйірмелер мен саяси мектептердің жұмысы мүлде қанағаттанғысыз болғанын көрсетті. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін саяси мектептер мен үйірмелердің тең жартысы оқу программасын аяқтап алмағанын айтудың өзі-ақ жеткілікті. Мұның үстіне бірқатар жерлерде, атап айтқанда, Ленин ауданындағы, Аманкелді атындағы, Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхоздары, Совет аудандық Совет атқару комитеті партия ұйымдарының жанындағы саяси мектептер мен үйірмелерде маркстік-лениндік теорияны насихаттауда елеулі кемшіліктерге, жаттаушылыққа, догмалыққа жол берілді. Совет аудандық Совет атқару комитеті партия ұйымының жанындағы үйірменің насихатшысы Яковенко жолдас үйірме сабағын арнаулы оқулықтардың тектін тек оқып берумен тындырған.

Мұның өзі өткен оқу жылында насихатшы кадрлармен жұмыс істеу мәселесіне кейбір аудандық партия комитеттері-

Астық дайындау пункттерінің түпкіздегі қырмандары

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Көкшетауда үстіміздегі жылы салынып жатқан 3 астық қоймасынан бірінші қойма пайдалануға берілді. Ол автомобиль таразыларымен жабықталған, оған баратын жолдар тегістеліп жөнделген, бірнеше астық босататын аяқтар жасалған. Облыста мұндай 26 қойма салынады.

Быйыл тың жерлерден жыйналған астық комбайннан босатылысымен-ақ астық дайындау пункттеріне жіберілетін болады. Астықтың үздіксіз тапсырылуын және тазартылуын қамтамасыз ету үшін Рузаев, Қызылту, Арықбалық және басқа аудандарда астық қабылдайтын жаңа пункттер ашылады. Олар қуатты транс-

ЖАС МУЗЫКАШЫЛАР СЕЛОҒА БАРУДА

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Оралдың мемлекеттік музыка училищесінде емтихан аяқталды. Кеше училищені бітіріп шығушылардың: пианиношылардың, скрипкашылардың, виолончелистердің, энцилердің есепті концерті болды. Жас дирижерлер Александр Камениновтың, Гүлара Дауытованың және Енна Суrowаның басқаруымен хор ансамблі Чайковскийдің, Даргомыжскийдің, Римский-Корсаковтың, сол сыяқты совет ком-

позиторлары мен халықтық демократия елдері композиторларының шығармаларын орындады. Анатолий Шаронов (кларнет) және Анатолий Жорчагин (гобой) асқан шеберлік көрсетті.

Көптеген жас музыкашылар емтиханда өте жақсы және жақсы деген бағалар алды. Оқу бітірушілердің көпшілігі селолық жерлерде жұмыс істеуге жүріп кетуде.

Насихатшылардың тұрақты семинарларында оқылатын баяндамалар мен лекциялардың мазмұнды болуына жетісу керек. Семинарларда насихатшылардың тәжірибе ауыстыруы, басшы партия, совет қызметкерлерінің колхоздар мен совхоздардың, өнеркәсіп орындарының алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттері жөнінде баяндамалар жасауын естен шығармау керек. Семинарды бұлай ұйымдастыру насихатшылардың партия оқуы жүйесіндегі сабақты коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен байланыстыра жүргізулеріне мүмкіндік береді. Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына әзірлік кезінде, насихатшыларды тәрбиелеуде аудандық партия комитеттерінің кітапханалары үлкен роль атқарады. Олар көзірлен бастап насихатшылардың жұмыс тәжірибелері жөнінде материалдар, арнаулы тақырыптар бойынша саяси әдебиет көрмелерін ұйымдастыруға, консультациялар жасауға міндетті.

Насихатшы кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу жұмысына әрқашан жете назар аударып, партия насихатын ұйымдастыруда партия қойған міндеттердің дәрежесінде болайық.

порттерлермен сағатына 57 тонна астық өткізетін сепараторлармен қаруландырылуда. Алыстағы участоктерде арнаулы жабық қырманнар салынуда, оларда астықты тазарту жұмыстарын дайындау пункттері жүргізеді.

Тайынша, Көкшетау, Шүңье элеваторлары кеңейтілуде және онан әрі механикаландырылуда. Бір ғана Шүңье элеваторы қоймасының астық сыйымдылығы 12 мың тоннаға артады. Тахтабротта, Зерендіде, Қызылтуда әр қайсысында 100—200 машинасы бар қосымша 3 автомобиль ротасы құрылады. Автомобиль роталары екі сменада жұмыс істеу үшін машина жүргізушілермен толықтырылған.

позиторлары мен халықтық демократия елдері композиторларының шығармаларын орындады. Анатолий Шаронов (кларнет) және Анатолий Жорчагин (гобой) асқан шеберлік көрсетті.

Көптеген жас музыкашылар емтиханда өте жақсы және жақсы деген бағалар алды. Оқу бітірушілердің көпшілігі селолық жерлерде жұмыс істеуге жүріп кетуде.

Бұл күндері мен өз көмекшілеріммен басқа комбайндарды жөндеуге көмектесудемін. Күнделік тапсырмамды үнемі 150 процентке дейін орындаймын. Барлық күш-жігерімді егін жыйнау маусымы басталғанға дейін МТС-тің комбайн паркінің сапалы жөндеуіне жұмсай беремін. Ставропольдіктердің бастамасын қуаттай отырып, күн сайын 45—50 гектар егін жыйнауға, жанармайдың 5 процентін, комбайндарды жөндеуге жұмсалатын қаржының 10 процентін үнемдеуге міндеттендім.

Егін жыйнауға комбайндардың қуатын өнімді пайдалану және олардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы алған міндеттемемді мінсіз орындаймын. Сөйтіп, егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнау жолындағы Петров МТС-і комбайншыларының үндеуіне нақтылы ісіммен жауап беремін.

А. ӘДІЛБАЕВ,
Торанғұл МТС-нің комбайншысы.

Қазақстан кәсіподақтары Советінің екінші пленумы

Алматыда Қазақ ССР кәсіподақтары Советінің екінші пленумы болды. Пленум республика ауыл шаруашылығында социалистік жарысқа бастылық жайын талқылады. Бұл мәселе жөнінде ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподағының республикалық комитетінің председатели Шүрин жолдас, республика Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Забжанский жолдас және Қазақстан Совхоздар министрінің орынбасары Арыстанбеков жолдас баяндама жасады.

Пленумға қатынасұшылар Қазақстан еңбекшілерінің СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі қаулыларын ойдағандай жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізіп жатқандығын атап көрсетті. Социалистік жарысты өрістету нәтижесінде колхоздар, МТС-тер мен совхоздар төрт миллион гектардан аса тың және тыңайған жер көтерді, көктемгі егісті өткен жылы қарағанда қысқа мерзімде, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізді. Мол өнімнің берік негізі салынып, Қазақстанда астық өндірісін өркендету жолында алғашқы жеңіске қол жетті.

Ставропольдіктердің шақыруы бойынша Қазақстанның егін далаларында күндік тапсырысты артығымен орындау жолындағы, әрбір комбайн агрегатымен көп астық бастыру жолындағы жарыс өрістеді. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Тимирязев атындағы совхоздың комбайншысы Афанасий Багдашкин жұмысты өз агрегатының тәулігіне кемінде 20 сағат жұмыс істеп, біржарым норма орындайтындай етіп ұйымдастырды. Совхоздың басқа комбайншылары оның жұмыс тәжірибесін қолданып, комбайндардың жоғары өнімді жұмыс істеуіне жетісуде. Алматы облысындағы Жаңашар МТС-нің механикаторлары тамаша инициатива көрсетті. Олар оңтүстік облыстардың барлық комбайншыларын өздері қамтытын колхоздарда егінді қысқа мерзімде жыйнап бо-

луды, астық тапсырушыларды мәдениетті және өте тездікпен қамтуға бағытталған көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Элеваторға Преснов, Октябрь, Приешім, Соколов, Мамлют аудандарының колхоздары астық тапсыратын болады. Быйыл бұл аудандардағы колхоздардың қайысында болмасын тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егін көлемі ұлғайтылды. Сондықтан олар дайындау орнына астықты да өткен жылдардағыдан көп тапсырады. Элеватор коллективі осыны есептеп отырып, бұрыннан астық қабылдап жүрген қоймаларды түгелінен сапалы жөндеп болды.

Лабораториялық-таразылық саймандарды толығымен жұмысқа әзір етті. Сонымен бірге, сыйымдылығы 9.600 тонналық үш астық қоймаларының жаңа құрылыстарын аяқтап шықты.

Элеваторда бұрын екі астық қоймасы ғана механикаландырылған болатын. Быйыл тағы да екі қойма механикаланды-

лып, одан кейін жаңа жер игеретін аудандарға баруға шақырды.

Қазақстанның механизаторларына туысқан республикалар социалистік көмек көрсетеді. Олар Қазақстанның жаңа жер игеретін аудандарына өздерінің машиналарымен бірге үш мыңнан аса комбайншылар жібереді. Республика қосымша 1400 жаңа комбайн және 12 мың жүк автомашинасын алады.

Пленумға қатынасұшылар социалистік жарысқа бастылық етудегі елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподақтарының республикалық және облыстық комитеттері, кәсіподақтарының облыстық Советтері өздерінің жұмыстарын СОКП Орталық Комитеті Пленумдары қойған міндеттерге сәйкес құра алмай отыр, олар социалистік жарысты ұйымдастыруда және бастылық етуде формальділікке және үстірттікке жол беруде. МТС-тердің, ММНС-тер мен совхоздардың жарыс қорытындылары кезінде шығарылмайды, артта қалған шаруашылықтардың жұмысы зерттелмейді, артта қалған шаруашылықтарды алдыңғы қатарлылар дәрежесіне көтеру үшін шаралар қолданылмайды. Мамандықтар бойынша социалистік жарысты өрістету жөнінде жете назар аударылмайды.

МТС-тердің, ММНС-тер мен совхоздардың едәуір жұмысшылары мен мамандары социалистік жарысқа тартылмаған. Коллективтік жарыс шартының ұйымдастырушылық мәніне жете маңыз берілмейді, мұндай жарыстың қорытындыларын шығаруда формальділікке жол беріледі. Әсіресе, Павлодар, Батыс Қазақстан және Алматы облыстарында коллективтік жарыс шарттарының орындалу барысына бақылау нашар ұйымдастырылған.

Ақтөбе облысы ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары мен қызметшілерінің кәсіподағы облыстық комитетінің председатели Дроздова жолдас Қа-

зақстан кәсіподақтары Советінің және оның аппаратын кеңсешілдік-төресілдік ісі үшін, активтермен жұмысты жете бағаламайтындығын сынады, мұның өзі ауыл шаруашылығын өркендетуде кәсіподақтарының ролін арттыра беруге келергі болып отырғандығын айтты.

ББОС-тың жолдамасы бойынша жұмысқа жіберілген, Павлодар облысындағы Чернорецк МТС-і жұмысшылар комитетінің председатели Батова жолдас машина-трактор станциясы жанындағы кәсіподақ ұйымының жұмысы туралы айтты. Жұмысшылар комитеті станцияның барлық механизаторларының социалистік жарысқа ұштасуын ұйымдастырды. Жарыстың қорытындылары күн сайын көрсеткіш тақталарына жазылады. Жарыстың барысы трактор және жөндеу бригадаларында, жалпы жыйналыстарда талқыланады. Таңдаулы трактор бригадалары үшін Ауыспалы Қызыл ту, екінші және үшінші орын алған бригадалар үшін, сол сыяқты, жоғары еңбек өнімділігіне ие болған жеке механизаторлар үшін қызыл жалау белгіленді. Облыс механизаторларының жарысында МТС үздік шықты.

Батова жолдас Чернорецк МТС-нің жұмысын мысалға келтіріп, шаруашылық және кәсіподақ органдарының еңбекшілерді тұрмыс және мәдениет жағынан қамтуда жол берген кемшіліктерін көрсетті. Ол республиканың Ауыл шаруашылығы және Сауда министрліктерін, олардың алыстары аудандардың механизаторларының қажетімен нашар есептесетіндігін сынады. Қазақстан тұтынушылар одағы және оның жергілікті органдары ауыл-шаруашылық қызметкерлеріне қажетті өнеркәсіп және азық-түлік товарларын үздіксіз сату жұмысын ұйымдастыру үшін шешуші шаралар қолданбай отыр.

Пленум республиканың ауыл шаруашылығында социалистік жарысты онан әрі өрістетуге беруге бағытталған қарар қабылдады.

де толық пайдалана алмай келеміз. Мәселен, жаңадан салынған астық қоймаларының жанына үш автотаразы орнатуымыз керек. Бұған бізде керекті материалдар да, жұмысшы күші де бар. Алайда, оны орнатуға облыстық «Заготзерно» қаржы бөлмей отыр. Сондықтан таразыларды орнату қолға алынған жоқ. Сол сыяқты, жаңа қоймаларға темір жол линияларын тарту жұмысы мүлдем жоспарланбаған. Міне, мұның бәрі жаңа қоймаларға астық қабылдау және ол астықтарды жөнелту жұмыстарын едәуір қышқылдатады.

Бұл жалғыз Самарин жолдасы ғана емес, элеватордың барлық коллективін ойландырып отырған мәселе. Сондықтан бұл мәселелердің ойдағыдай шешілуіне облыстық ауылшаруашылық басқармасы мен «Заготзерно» мекемесі және темір жол қызметкерлері элеватор коллективіне тиісті көмек көрсетудері қажет.

Т. ЕСЕНОВ.

және, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары тың жерді жыртыу жұмысының ойдағыдай ұйымдастырылуын қамтамасыз ете алмайды. Мысалға, Майбалық МТС-ін алуға болады. Бұл МТС-те тың жер жыртыу жоспары осы уақытқа дейін небары 50 процент ғана орындалды. Бұған негізгі себеп — тракторлардың бірсыпыра бөлегінің техникалық жарамсыздықтан, немесе, бригадала еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауынан тоқтап тұруы болып отыр. МТС директоры Соколов, бас инженері Узлов, партия ұйымының секретары Себасев жолдастар жауапкерсіздікке салынып, тың жер жыртыуда көктемде ұйымдастырылған 9 арнаулы трактор бригадасын таратып жіберген. Осы себепті көптеген техника күші дала жұмыстарына пайдаланылмай келеді. Бұл МТС-тің бригадаларында еңбек нашар ұйымдастырылған. Тракторшылардың бірқатары жұмыс уақытында ешкімнің рұқсатынсыз басқа селоларға қыдырып кетеді. Ал, Бұл уақытта тракторлар қарап тұрады. Жағдай, әсіресе, жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда өте-өте нашар. Москворецкий және Тимирязев атындағы совхоздарда тың көтерудің жоспары 31—35 проценттен ғана орындалған. Жағдай Жамбыл совхозында бұдан да нашар. Аталған совхоздарда тың жер көтерудің қарқынсыз жүргізіліп келе жатқандығын совхоздар тресінің директоры Зенченко жолдас жақсы біледі. Бірақ, ол жергілікті жерлерде болып, шаруашылықтардың артта қалу сырын жете тексеруді, сөйтіп оларға қолма-қол көмек көрсетуді ескермей-ақ келеді.

Шөп шабу науқанының басталуына бір айдай уақыт өтсе де, аудандардың бірқатарында мал азығын дайындау қарқыны бағу жүргізілуде. Бұл жұмыста Полудень ауданының МТС-тері төзгісіз артта қалып келеді. Ново-Георгиев МТС-інде жоспардың небары 20 процент қана орындалуын МТС пен колхоздардағы шөп машиналарының жұмысқа өнімді пайдаланылмай келе жатқандығынан деп түсіну керек.

Егін жыйнау маусымының басталуына санаулы-ақ күндер қалды. Солай бола тұрса да, облыстың бірде-бір МТС-інде комбайн жөндеу жоспары орындалмай отыр. Бұл күнге дейін Майбалық МТС-інде комбайнды жөндеу жоспары небары 19 процент ғана орындалған. Быйыл МТС-қамтуындағы колхоздарда егіс көлемі едәуір ұлғайды. Соған қарамастан бұл МТС-тің басшылары комбайндарды жөндеу жұмысын көріне-көзге кешеуілдетуде. Жағдай Приешім МТС-інде де осындай. Мұнда да жоспардың орындалуы 19 проценттен аспайды.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысында ауылшаруашылық жұмыстарының барысындағы елеулі кемшіліктер атап көрсетілген-ді. Ол кемшіліктер біздің облысқа да тән. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, МТС және совхоз басшылары Пленум қаулысын орындауға барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырып, тың көтеру, шөп шабу, комбайндарды жөндеу жұмыстарының қарқынды жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Сауда орындарына нақтылы басшылық керек

Совет сауда жұмысына жете назар аудару, оны жақсарту жұмысына белсене қатысып отыру, сауда ұйымдарына көмектесіп, оған нақтылы басшылық жасау—қала мен ауыл-село еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдени тұрмысын бұрынгыдан да жақсарту беруге бағытталған партия мен үкметіміздің қарарларының мұлтіксіз жүзеге асыру үшін үздіксіз күресу деген сөз.

Облыс бойынша товар айналымының жоспары кәзір артығымен орындалып отыр. Бұл қуанарлық іс. Бірақ, бар товарлардың өзін ауыл-селолық жерлерге, әсіресе, тың және тыңайған жерді игеретін аудандарға жеткізу ісі, товар ассортиментінің түр-түрін көбейту ісі тым қанағаттанғысыз күйде қалып келе жатқандығын жасыруға болмайды.

Ауыл-селолық жерлерге өнеркәсіп және азық-түлік товарларын жеткізу ісі өте нашар. Әсіресе, Октябрь, Преснов аудандарындағы жаңадан ұйымдастырылған совхоздарға товарлар жеткізу ісі жүйелі, жоспарлы түрде тәртінде қойылмаған. Оларды жеңілту ісінің қамын күні бұрын ойлау жеткіліксіз екендігін ашып айту қажет. Жөнелтілуін күтін облыстық тұтынушылар одағының қоймаларында жатқан товарлар сомасының мөлшері 26 миллион сомнан асып кеткені өте қынжырлық іс. Облыстық тұтынушылар одағының қоймаларында қандай товарлар бар? Адамдарымыздың қажетіне керекті өнеркәсіп, азық-түлік товарларының барлық түрлерінің бар екендігін қанағаттандырып айтуға болады. Кезеңнің қандай түрлері, ассортименттері керек? Іштік, сырт киімдік, костюм, пальтолік маталар, сатин, жібек, трико, бостон, бобрин, шұға —бәрі бар. 12.320 жұмсақ одеядан, жартылай жүннен тоқылған 2760 одеяла, 597 мақталы көрпе, 1161 репродуктор, 1382 қол жуатын құман, цинктен жасалған 9380 шелек, 23.350 етік, 3173 нима, 14786 фуфайка, стол, орындық, шөп, кровать, кітап, қараз, қарындаш, патефон келіп түскен.

Осының барлығы совет адамдарына, сол сияқты, облысымыздағы тың және тыңайған жерлерді игеретін МТС-тер мен совхоздардың механизаторларына партия мен үкметіміздің аталық қамқорлық көрсетіп отырғандығын сыпаттайды.

Преснов аудандық тұтынушылар одағы басшыларының жеткілікті қабілет, тапқыштық жігер көрсетуінің салдарынан облыстық тұтынушылар одағының базасынан әкетілмей жатқан кейбір товарлардың мөлшері мынадай: балық —45 тонна, консерв —11 мың банк, өсімдік майы —30 тонна, вермишель —12 тонна, тағы сондай товарлар. Бұл товарлардың колхоздар мен совхоздарға жеткізілмей жатқанын Преснов аудандық тұтынушылар одағының председатели Бағырев, аудандық атқару комитетінің председатели Макаров жолдастар жақсы біледі. Бірақ, олар осы товарларды тасып алуы ұйым-

Тек қана Соколов ауданында талаң-таразға түскен кооператив қаржысының мөлшері 10 мың сом болды. Мұнда Краснояр селолық тұтынушылар қоғамының бұрынғы сатушысы Т. Башакова деген біреу мыңдаған сом кооператив ақшасын пайдаланып кеткен. Сол сияқты, Булаев ауданының Маленков атындағы совхозында жеке адамдардың пайдалануына түсіп кеткен кооператив ақшасы 10 мың сомға жуықтайды. Мұнда 5 мың сом кооператив ақшасын қарабасының пайдалануына ұстан қойған қойма менгерушісі күні осы уақытқа дейін жұмыс істеп келеді. Оған кооператив мүлкі мен ақшасын сақтауды «қамтамасыз ету үшін» жұмысшы кооперативінің басшылары қоймаға екі кілт салып, бірін оған, екіншісін аудандық тұтынушылар одағының нұсқаушысы Гладышевтың қолына берген.

Аудандық тұтынушылар одақтарында кооператив ақшасын талаң-таразға салудың жойылмай келе жатқан себебі жергілікті кооператив орындарында тексеріс жұмысы нашар ұйымдастырылған, өйткені, тексеріс-есеп жұмысына кооператив басшылары жете мән бермейді. Ревизор-нұсқаушылар тексеріс жұмысына пайдаланылмай, көбінесе басқа жұмыстардың қосалқылығында жүреді. Оның үстіне тексеруші-нұсқаушылар кадрларын іріктеу жұмысы жолға қойылмаған. Мәселен, Октябрь ауданында үш ревизордың орнына бір-ақ ревизор жұмыс істейді. Преснов аудандық тұтынушылар одағында ревизор болып істейтін В. Придворный жолдас совхоз жұмысшы кооперативінің ұйымдастыру бюросының председателдік қызметін атқарады.

Кейде ревизорларды төменгі ұйымдардың баланс есептерін жасау жұмысына жібереді. Мәселен, Совет аудандық тұтынушылар одағының ревизоры И. Макаренко Киров атындағы совхозға жұмысшы кооперациясының тоқсандық есебін жасауға көмекке жіберілген.

Сол сияқты, Соколов аудандық тұтынушылар одағының ревизоры Н. Петомин үстіміздегі жылы жергілікті кооператив орындарында бірде-бір рет тексеру жұмысын жүргізген емес.

Аудан орталықтары мен ауыл-селолық жерлерде товарлар сақтайтын қоймалар тым жеткіліксіз. Осыны ескеріп, мемлекет қойма, магазин, дүкендер құрылысына жүз мыңдаған сом қаржы бөлін отыр. Бірақ, жоспарланған қаражаты бар, құрылыс материалдары жеткізілген сауда орындарын салу ісі үнемі кешуәлетіле беріліп келеді.

Мәселен, бір ғана Октябрь ауданы бойынша селолық магазин, керосин сататын дүкен, туз қоймасы, Коновалов, Семиполка МТС-терінде магазиндер құрылыстарына қаражат жеткілікті түрде босатылған. Құрылыс материалы әкелінген. Бірақ, амал не, құрылыс жұмысы қолға алынбай отыр. Осы ауданда тың және тыңайған жерлерді игеруші жаңа астық совхоздарында асхана, нан пісіретін

дәрежесінің төмендігін байқатады. Сауда қызметкерлері білімінің сауда орындарына көрсетіліп отырған сенім мен жүктеліп отырған күрделі міндеттер дәрежесіне сәйкес келмейтіндігін мына цифрлар айқын танытарлықтай. Облысымыздың тұтынушылар кооперациясының жүйесінде білімі төмен 1013 қызметкер болса, орта дәрежелі мамандық білімі бар 22, жоғары білімі бар 2-ақ адам бар. 11 аудандық тұтынушылар одағы председателдерінің ішінде бір-ақ адамның орта дәрежелі арнаулы білімі бар. 650 магазин, дүкен сатушыларының 70 процентінің білімі өте төмен, олардың ішінен шала сауатты сатушылар да кездеседі.

Сауда қызметкерлерінің жалпы және мамандық білімін көтеретін сыналған әдіс—өздігінен оқу. Бірақ, сауда қызметкерлерінің өздігінен оқын, саяси, жалпы білімін және мамандығын арттырулары нашар. Атымен газет, журнал оқымайтын сатушылар мен ауыл-селолық тұтынушылар қоғамының председателдері де кездеседі. Мәселен, Октябрь ауданы, Ленин атындағы, Коновалов ауыл-селолық тұтынушылар қоғамдарының председателдері Л. Копырбаев, Ө. Кәптіенов, осы аудандарғы Ақсу, Жаңа су дүкендерінің сатушылары М. Жалтырова, К. Смайллов жолдастар газет алдыртпайды, кітап бетіне қарамайды. Тіпті бұл жолдастар жалпы мамандық білімдерін көтерудің қамын ойламайды да.

Совет саудасының принциптерін бұрмалаушылық сияқты ұнамсыз жағдайлар әлі жойылмай келеді. Бұл жағдай қала магазиндерінде де жиі кездеседі. Мәселен, № 58 магазинінің сатушысы Әли мовта тұтынушыларға дөрекілік қылықтар көрсететін болған. Мұнда бағалары көрнекті жерге ілінбей азық-түлік товарларын сата беру әдетке айналған. № 35 магазинінің көбінесе жабық тұратындығы талай рет анықталды, оны біз 10 шоль күні кезімізбен көрдік те. Магазин сатушысы Н. Баталова жолдас магазинді кейде ашып, кейде жауып кете беруге әдеттенген. Мұның себебі магазин директоры А. Иванов сатушылардың жұмысына қатаң бақылау қоймайды және шағым кітаптарына жазылған еңбекшілер дабылына құлақ аспайтын болған.

Кейбір ресторандар мен асханаларда еңбекшілерге дөрекілік мінез көрсету, алдау, адамдарымыздың заңды талаптары орындалмау сияқты жексұрын қылықтар кездеседі. Мұндай ұнамсыз жағдайлар Петропавл теміржол станциясының және «Север» ресторандарының, № 5 асхана қызметкерлерінде кездесіп, жұртшылық тарапынан сөгіс алып жүр.

Облысымызда сауда қызметкерлерінің жалпы және мамандық білімін, әсіресе, олардың саяси сауатын шұғыл көтеру қажет. Саяси сауаттылық—адамдарымыздың іскерлік қабілетін арттырып, жауапкершілік сезімін күшейтетіндігіне, жаңа нәрсені деркесінде танып, оны қолдай білуге, кадрларымызды жұмыстағы

Егінді тыңғылықты баптап-күту—мол өнім алу күресінің маңызды шарты

Огород дақылдарынан мол өнім алу үшін күресуде

Петропавл совхозының коллективі үстіміздегі жылы картоп пен овощь дақылдарының көлемін 220 гектарға жеткізді. Жоспар бойынша белгіленген 160 гектар картоп топырағы қунарлы, жақсы жұмыс-талған жерге шаршы-ұялы әдіспен отырғызылған-ды. Сол сияқты, капуста, помидор, күнбағыс және басқа дақылдар да агротехникалық ережелерге сәйкес мерзімде егілді. Соның нәтижесінде кәзір олардың шығымдылығы да жақсы. Совхозда огород дақылдарының қатараралықтары күтіп-баптау жұмысында 4 бригада үздіксіз жұмыс істеп жүр.

Огород бригадаларының мүшелері өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, кәзірдің өзінде 160 гектар картоп егісі мен 25 гектар күнбағыстың қатараралықтарын баптады. Бұл жұмыс негізінен механикаландырылды.

Картоп және овощь дақылдарының қатараралықтарын өңдеуде, әсіресе, Крикин жолдас басқарған огород бригадасының мүшелері аянбай еңбек етіп, жақсы көрсеткіштерге жетісуде. Бұл бригададағы Рыжиков жолдас культиватормен күніне 8 гектардың орнына, 16 гектар картоп егілген жерді өңдеп жүр. Сол сияқты, Сулейменова, Хриненко жолдастар да бұл жұмыста игі нәтижелерге жетісуде. Олар жұмысты сапалы атқарып, өздерінің күндіз тапсырмаларын үнемі артығымен орындауда.

Бұл күндері бригада мүшелері СОБП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор қуанышпен қарсы алып, картоп пен овощь дақылдарын уақытылы агротехникалық дәрежеде күтіп, баптау жұмысын кеңінен өрістетуді, сойтын, олардан мол өнім алу үшін көтеріңкі міндеттемелер алды. Кәзір бригада мүшелері өздерінің алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

К. ЗАЙТОВ.

Отамалы дақылдар арамшөптен тазартылуда

Чапаев атындағы колхоздың колхозшылары қала еңбекшілерін картоп, овощь өнімдерімен қамтамасыз етуді көзден быйыл бұл дақылдардың көлемін өткен жылғыдан едәуір ұлғайтқан-ды. Мұнда 65 гектар картоп және 18 гектар овощь егілді. Ол дақылдарды егуде шаршы-ұялап отырғызу әдісі кеңінен қолданылғанды.

Бұл күндері колхозшылар және осы колхозға бекітілген МТС механизаторлары СОБП Орталық Комитеті июнь Пленумы-

Мүмкіншілік жете пайдаланылмайды

Преснов ауданының колхозшылары мен механизаторлары бйыл егіншіліктің мәдениетін арттыруда бірқатар шараларды жүзеге асырды. Дәнді дақылдардың көлемі тың және тыңайған жерлер есебінен ұлғайтылады. Ауданның қай колхозында болсын егіннің кәзіргі шығымы жақсы. Мұның өзі аудан егіншілерінің астық өндірісін шұғыл өркендету жолындағы алған міндеттемелерін сөзсіз орындап шығуларына толық мүмкіндік береді.

Егіннен бітік өнім алу күресі көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізумен бітпейді. Мол өнім алу үшін егінді баптап-күтуді тыңғылықты ұйымдастыру керек. Ауданның алдыңғы қатарлы колхоздары кәзіргі уақытта егіннің арам шөбін жою, отамалы дақылдардың қатараралықтарын баптау жұмыстарын үлгілі жүргізіп, мол өнім үшін күресті күн санап өрістетуде.

Мысалға Маленков атындағы колхозды алуға болады. Мұнда 4 звено ұйымдастырылған. Ол звенолар үнемі отамалы дақылдарды күту жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді. Бйыл колхозда 13 гектар картоп, 11 гектар овощь дақылдары егілсе, бұлар кәзірдің өзінде екі рет арам шөптерден тазартылып, өсімдіктің түптері қоныстылды. Осы сияқты, шаршы-ұялы әдіспен егілген 70 гектар күнбағыс та бапталды. Бұл жұмыстарда трактор культиваторлары кеңінен пайдаланылды.

Бұл күндері звено мүшелері овощьтарды суару жұмысын үлгілі жүргізуде. Әсіресе, Гаврилова, Анисимова, Сафронова жолдастардың басқаруындағы звеноның мүшелері ерекше көзге түсуде. Бұл звенолардың қарауындағы егістіктер арам шөптерден таза. Сол сияқты, колхозшылар мен мектеп оқушылары дәнді дақылдардың арам шөптерін жоюда еңбек етуде.

Алайда, ауданды тұтас алғанда егінді баптап-күту қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Колхоздарда жауын-шашынның жиі болуы егіннің жақсы өсуімен бірге, арам шөптердің өнуіне де мүмкіндік береді. Сондықтан колхоз, МТС басшылары әрбір колхозда егіннің арам шөбін отау, отамалы дақылдардың қатараралықтарын баптау жұмыстарын жаңа міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастыра білуге міндетті еді. Жағдай бұған керісінше болып отыр. Көп колхоздар әлі күнге дейін дәнді дақылдарды арам шөптерден тазарту ісіне кіріскен жоқ. Керек десе кейбір колхоздар күнбағыс, картоп, овощьтарды күту ісіне де кіріспеген. Сталин атындағы колхозда егілген күнбағыс егісіне арам шөп қанша кеткен. Бірақ, колхоз басшылары арам шөпті жұлуды күні

бүгінге дейін ұйымдастырмай-ақ келеді. Жағдай «Прибой» колхозында да осындай. Мұнда, әсіресе, күнбағыс егілген учасок көз тартарлықтай. Олай дейтініміз күнбағыс шаршы-ұялап отырғызылған және өсуі жақсы. Колхоз басшылары осы учасоктегі арам шөптерді жою, өсімдіктің түптерін қопсыту жұмысына мән бермей отыр. Колхозда бұл жұмысты жүргізуге трактор және культиватор да бар. Агроном Қудабаяв жолдас егіннен мол өнім алу күресінде ұйымдастырушылық роль атқара алмай жүр.

Хрущев атындағы колхоздың егіннің әсіресе, отамалы дақыл егіннің арам шөп басып кеткен. Колхозға МТС тарапынан дақылдардың қатараралықтарын баптау үшін екі трактор және екі трактор культиваторы бөлінген. Бірақ, бұлар жұмысқа пайдаланылмайды. Тіпті агроном Шевелев жолдасын өзі де бұл культиваторды қалай пайдалануды да жете білмейді.

Колхоздарда егінді баптап-күтудің нашар ұйымдастырылып отырылғандығын, агрономдардың бұл іске қолма-қол басшылық жасай алмай келе жатқандықтарынан деп түсіну керек. Преснов МТС-нің учасок агрономдары Сарокин, Аренев және тағы басқалары өздерінің қамтуындағы колхоздарда бұл істің ойлағыдай ұйымдастырылуына жетісе алмай жүр. Ал, МТС-тің бас агрономы Соколов жолдас олардан жұмыстың тыңғылықты жүргізілуін талап етпейді.

Жағдай Майбалық МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да нашар. Чапаев атындағы колхозда осы уақытқа дейін егінді баптап-күту жұмысы басталған жоқ. Ал, колхоз председатели Сичинский жолдас адам күші жеткіліксіз деп егінді баптап-күтуді ұйымдастырмай жүр.

СОБП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысында жергілікті партия совет және ауылшаруашылық органдарының егінді баптап-күту ісіне жете мән бермей отырғандығын атап көрсетіп, бұл кемшілікті дереу жоюды талап етті. Сондықтан Преснов ауданының партия, совет ұйымдарының колхоздар мен МТС-терінің басшылары жоғарыдағы көрсетілген кемшіліктерден нақтылы қорытынды шығаруға міндетті. Олар әрбір колхозда дәнді дақылдардың, әсіресе отамалы дақылдардың арам шөптерден таза болуына жетісуге, ол үшін бұл іске адам күшін жете пайдалануға, картоп, овощь, жүгері, күнбағыс егістерін күтуге техника күшін өнімді пайдалану білуге тиіс. Сонда ғана егіннен бітік өнім алынуы қамтамасыз етіледі.

Т. КӘДІРОВ.

Келген товарларды тасып алуға немқұрайды қарайтын аудандық тұтынушылар одақтарының қатарына Октябрь аудандық тұтынушылар одағын да қосуға болады. Оның үстіне Октябрь аудандық тұтынушылар одағының басшылары, әсіресе, оның председатели Юдия жолдас жеткізілген товарларды сақтауда жауапкерсіздік көрсетіп отыр. Ол апарылған товарды Есіл өзенінің оң жақ жағалауына ашық далаға үйген де оған күзетші де тағайындамаған. Келген товарлар мәдени товарлар қоймасының меңгерушісіне тапсырылған. Ол келіп түскен товарларды кіріске алмастан паром арқылы Есілдің екінші жағасына өткізген.

Юдия жолдасдың жаңа жерлерді игеріп жатқан совхоздардың адамдарын товарлармен және басқа қажетті нәрселермен қамтамасыз етуге жеткілікті көңіл бөлмей келе жатқандығы сыналып жүрсе де одан ол әлі тиісті қорытынды шығара қойған жоқ.

Тұтынушылар кооперациясының жергілікті орындарында әлі де болса кооператив мүлкін және қаражатын талан-таражға салушы жекелеген адамдар бар. Егер 1954 жылдың 1 январына талан-таражға түскен кооператив қаражатының мөлшері 295 мың сом болса, оның үстіне үстіміздегі жылдың бірінші жартысында ғана 37 мың сом талан-таражға түскен.

орындар да жеткілікті.

Сауда орындары құрылысындағы сылдырлықты облыстық тұтынушылар одағы председателинің орынбасары Шеголев жолдас жұмысшылар күшінің жеткіліксіздігінен деп түсіндіргісі келеді. Бұл ықпаларлық дәлел емес, жауапкершілікті мойындамайтын сылтау ғана. Әйтпесе, жұмысшы күші де, құрылыс материалы да жеткілікті екенін Шеголев жолдасдың өзі де мойындайды. Мәселе, құрылыс жұмысын тынақтап қолға ала білмеуде, оған қатаң бақылау, талап қойылмағандықтан болып отыр. Облыстық тұтынушылар одағының басшылары Шеголев, кадр бөлімінің бастығы Ахметов жолдасар қаражатты мемлекет берді, құрылыс материалы жеткізілген, ендігісі — жұмысшы күшінде, ол жұмысшы күшін тауып беру аудандардағы партия, совет ұйымдарының міндеті дегенді айтып, құрылыс жұмысына басшылық етуден және оған жауапкершіліктен бой тасалауға тырысады.

Сауда орындарында кооператив мүлкін талап-таражға салу, тұтынушылардың тілек-талаптарын еске алмау, оны қанағаттандыруға немқұрайлы қараушылық, магазиндер мен дүкендердің кеш ашылып, ерте жабылуы, тұтынушыларға сатушылар тарапынан көрсетіліп жүрген дерексіздіктер бірталай сауда қызметкерлерінің саяси, жалпы және арнаулы білім

да тәрбиелеуге зор көмек көрсететінін сауда ұйымдарының шаруашылық, партия басшылары жете түсінуі керек. Совет саудасын еңбекшілер мүддесін мүлтіксіз өтерліктей жоғары сатыға көтеру үшін сауда қызметкерлеріне сергектік, қырағылық, сауда ісіне құштарлық қажет. Ал, ол қасиеттер адамдарымызға аспаннан жаумайды, саяси сауаттылықты, мамандық білімді арттырғанда ғана пайда болады.

Совет саудасы — біздің ең құрметті, ең жауапты төл істеріміздің бірі. Ол партиямыз бен үкіметіміздің еңбекшілерге аталық қамқорлық көрсетіп отырған саясатымен тығыз байланысты. Сондықтан, сауда жұмысындағы кемшіліктерге, бұрмалаушылықтарға ешқашан төзімділік көрсетуге болмайды.

Сауда орындарына жергілікті партия совет орындары тарапынан басшылықты күшейту керек және ол басшылық қаулы алып, нұсқау берумен ғана шектелмей, сауда ұйымдарының жұмысын білу, зерттеу арқылы, бақылауды күшейту арқылы және өнеркәсіп, азық-түлік товарларының, әсіресе, ауыл-селолық жерлердегі еңбекшілерге тез жеткізу мәселелерін шешерде нақтылы көмек көрсету арқылы тиімді, әсерлі болуы керек.

Ж. МУЗАПАРОВ.

ның қаулымен жерлерді игеруде. Колхозшылар мен механизаторлар бұл жұмысқа трактор культиваторларын тиімді пайдаланып келеді. 65 гектар картоп ұзын және көденең боймен екі рет бапталды. Осы сияқты, 18 гектар овоштың 15 гектары арамшөптерден тазартылып, өсімдіктердің түптері қопсытылды.

Колхозшылар жүгері, күнбағыс егістерін күтуді де үлгілі ұйымдастырған. Мұнда быйыл егілген 40 гектар жүгері және 20 гектар күнбағыстың қатараралықтары механика күшімен жұмысталып бапталды.

Егінді күтуде осы колхоздағы № 10 және № 11 трактор бригадаларының мүшелері колхозшыларға көп көмек көрсетуде. Бұл жұмыста әсіресе, тракторшы Зявкин жолдас қажырлы еңбек етіп жүр.

Осы сияқты Фурманов атындағы колхозда да отамалы дақылдарды баптап-күту жұмыстары үлгілі ұйымдастырылған. Мұнда 22 гектар картопқа үшінші рет күту жұмыстары жүргізілді. Колхозда күнбағыста екі рет бапталды.

В. АН,

Петропавл МТС-нің агрономы.

МОЛ ӨНІМ

Біздің совхоздың коллективі СОБН Орталық Комитеті февраль-март Пленумының қаулысын орындай отырып, быйыл егін шаруашылығын өркендетуде бірқатар табыстарға ие болды. Совхоз көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық ережелерге сәйкес өткізді. Дәнді дақылдардың көлемі тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен едәуір ұлғайды.

Совхоз коллективі егіннен мол өнім алу күресін әлі де кеңінен өрістетуде. Олар өгіс жұмыстары аяқталысымен отамалы дақылдарды күту ісіне ұйымшылдықпен кірісті. Бізде быйыл картоптың, овоштардың, күнбағыстың, жүгерінің қатараралықтарын баптау негізінен механика күшімен атқарылды. Бұл жұмыста, әсіресе, Мелентьев жолдасдың басқаруындағы бригаданың мүшелері еңбекті тамаша үлгілерін көрсетуде. Бұл бригаданың механизаторлары екі тракторды және культиваторды картоп, овоштардың, күнбағыстың қатараралықтарын баптауға дұрыс бөліп, оларды жұмысқа өнімді пайдаланып келеді. Егінді баптауда тракторшы В. Кондрупов жолдас сменалық тапсырмаларын үнемі 120—130 процент тең орындай жүр.

Механизаторлардың қажырлы еңбек

етулерінің нәтижесінде совхоздағы барлық қызылшаның, сәбіздің, қыярдның, картоптың арам шөптері жойылды. Өсімдіктердің түптері қопсытылып, үстеме қорек берілді.

Совхоз коллективі дәнді дақылдардың да арам шөптерін жою ісін үлгілі жүргізуде. Бұл жұмысқа күн сайын жүзден астам совхоз жұмысшылары мен мектеп оқушылары қатысады. Бұлар 10 звеноға бөлініп, әрбір звеноға күнделік жұмыс тапсырмасы тағайындалып беріледі. Көзіргі күнде звено мүшелері СОБН Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын мінсіз жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, күнделік жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап жүр. Мұның өзі 11 июльге дейін совхозда 500 гектар дәнді дақылдардың арам шөптерден тазартылуына мүмкіндік берді.

Совхоз коллективі егіннен мол өнім алу жолындағы күресті күн санап күшейте отырып, барлық дақылдарды арам шөптерден тазартады. Сөйтіп, барлық егіннен мол өнім алуға жетіседі.

Н. ЗУЕВ,

Приешім совхозының бас агрономы.

Қызыл тулы бригадада

Колхоз көшесін қақ жара шыққан кең даңғыл жол батысқа қарай бет ала бере-ақ қалың қайыңға сүңгіп кетеді. Кешкі қара көлеңкеде қолдың саласындай тұзу өскен саңдақ ақ қайыңдар ерекше көркем. Желе жортқан үлкен торы ат қайың жапырақтарының сыбыр қаққан дыбысынан әлде неге сезіктенгендей, қамыс құлақтарын қайшылай түсіп, алға ұмтылады. Күн алтын шапағын найзаландыра көк зиекке шапшып тастап қызыл арайлана батып барады. Кешкі самал ескен сайын ағаш бауырында өскен жоңышқа аралас қалың шалғынның ісі аралас кешкі салғын, әрі таза ауа бойынды сергіте түсулі. Алыстан, батыс жақтан естіген трактор дауысы осынау әсем табиғат ұйқыға кіргелі тұрғанда да колхоз даласында еңбек қызуы басыла қоймағанын, қайта жаңа күшпен қуаттала түскендігін естірткендей.

Қайыңды тоғайды аралай 6 километрдей жол жүргеннен кейін біз мінген жеңіл арба кең жазыққа шықты. Жолдың бір жақ бетін ала батқан күннің әлсіз сәулесімен шағылысып қарақоңыр тартқан жыртылған жердің жал-жал бороздасы бұйра толқынды теңіз бетін еске түсіреді. Жолдың екінші беті тың жатқан қалың көделі кең жазық. Кешкі самалмен ырғалған ақ селеулі бұл дала «менің майлы қыртысыма еңбекшілердің сәулетті қолы қанша тиеді», — дегендей.

Манадан жолдың екі жағына кезек қарап үнемі келе жатқан Совет МТС-нің № 17 трактор бригадасының бригадирі Иван Минович Намолов әңгіме бастады. Жасы орта жастаң асыңқырап кеткенімен Кубань адамдарына тән ашық мінез-құлп, әрбір жаңа іске елікте-

білдіру оның бойында да бар еді. Қараторғын жамылған кең жазықты қолымен көрсете, ол өз бригадасы жөнінде кейбір жайларды айтуға кірісті.

— Біздің бригаданың бір ерекшелігі, оның әр ұлттан құрылғандығында. Бригадада орыс, қазақ, армян тағы басқа бірнеше ұлттың өкілдері бар. Олар өзара айырылмас тату ынтымақта. Бригада көктем егісі кезінде өз тапсырмасын ойдағыдай орындап шықты. Жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізген бригада механизаторлары егісті жоғары сапалы және қысқа мерзімде өткізу үшін күресіп қана қоймай, жанар және жағар май үнемдеу үшін де күрес жүргізді, сөйтіп, олар 5 мың килограмм жанар май үнемдеді. Егіс аяқталған соң механизаторлар келесі жылдың қамы үшін тың жер көтеруге кірісті. Біз быйыл мың гектар тың жер айыруға тиісті едік. Оның 900 гектарға жуығын қазірдің өзінде айырдық. Әлі де біз 600 гектар жер аударамыз ба дейміз, — дейді ол өздерінің алдағы жоспары туралы.

— Алдыңғы қатарлы механизаторларыңыз кімдер?

Біздің бұл сұрауымызға ол жымыя жауап берді.

— Бізде тапсырма орындамайтын тракторшы жоқ. Бригаданың тәжірибелі тракторшылары Қанафин Сәрсенбай, Шәймерденов Әбен «ДТ—54» тракторымен күнделік тапсырмасын 125 процентке дейін орындайды. Ал, Кубаньдан келген комсомолец Владимир Караманиян күн сайын 5 гектар орнына, 7 гектар жер жыртып, 10-12 килограмм жанар май үнемдейді.

Бригадирдің әңгімесін тыңдай отырып, біз бригада қосына келгенімізді байқа-

біздерге орта бойлы қартаң әйел кездесті.

— Анай, мына жігіттерді, — деді бригадир оған қарап, — бос келе жатқан соң әдейі бүгін ала келдім.

— Жігіттер әлі жата қоймаған көрінеді. Жұмыстан кейін радио тыңдап, кітап, газет оқиды. Дойбы, шахмат ойнайды. Біздің жігіттер ауыр жұмыстан кейін төсекке аунай кететіндерден емес, — деп, мақтаныш сезіммен көтеріле сөйледі ол. Оның сөзі шынында да шындық еді.

...Шексіз құмда кездесер кішкене көгал сияқты осынау кең жазықтың ортасын ала өскен бір шоқ бар. Қайың, терек, тал аралас өскен ол жел өтіндегі өте бір ықпалында, алпағын дытық тұрған бір сая. Бригаданың қосы сол шоқтың бауырына орналасқан екен. Күндізгі сменада жұмыс істегендер әлі ұйқыға жата қоймаған, әр топқа бөлініп өздеріне қызықты ермек тауып, көңілдерін көтеруде, табысты еңбектен кейін дем алуға.

Вагоншадан аулағырақ маздан жанған отты қоршай біртеп жастар отыр. Орыстың тамаша әндерін нәшіне келтіре тартқан шебердің қолындағы баянның әсем үні қалықтан естіледі. Нәзік ән кейде жандыра тартылған частушкамен, бимен ауысады.

— Салай Володя, тағы да тарт, — деген дауыстар көтермелей түседі. Баян тартып отырған озат тракторшы Владимир Караманиян екен.

Вагонша ішінде де ерекше бір тыныштық бар. Ортаға қойылған ұзын столда бір топ жастар газет, журнал оқып отыр. Ал, оның екінші басында екі тракторшы Әбен мен Сәрсенбай дойбыдан күш сынасауда. Оң жақ бұрышқа орналасқан «Родина — 47» радиоабылдағышынан Москвадағы «Динамо» стадионынан футбол тартысы туралы радиорепортаж тыңдап,

бала өңді екі жас жігіт отыр.

— Бұлар алдыңғы қатарлы тіркеушілер Айтбай Ысқақов пен Мағау Аяғанов, өздері спортқа өте құмар, тіпті, ағаш ішіне турник те жасап алды, — деп түсіндірді Иван Минович.

Вагон қабырғасына жаңа шыққан жауынгерлік аяқталып ілінген. «Қызыл тулы берік ұстайық!» деген ірі әріппен көркемдей жазылған тақырыптан кейін, тың жер көтеру жарысындағы үздік табысы үшін бригадаға Ауылшаруашылық Қызыл Ту бөрілендігі туралы Совет аудандық комсомол комитетінің қаулысы жазылған. Манағы әңгімесінде сыпайылық жасаған Иван Минович мұны айтпаған екен.

Жұмыстан кейін аздап көңілін көтерген механизаторлар тынығуға жата бастады. Міне, асбасы анай да жершоқта от сөніп қалмасын дегендей, бірнеше ағаш тастап, бір-екі үрлеп қойды да, палатаға кіріп кетті. Еңбек адамдары бір мезгіл дамып алысы дегендей ағаш бауырын қараңғылық басып, тыныштық орнады. Тек қана біресе алыстай, біресе жақындай түскен трактордың дүрілі естіледі. Көз ұшынан оның электр жарығының сәулесі жылтырайды. Бейбіт еңбек адамдарының ұйқысы тамашалағандай, аспанда сансыз жұлдыз жымылдайды...

* * *

Гүрілдеген мотор дыбысынан ояна кетсек, палатада жан қалмаған екен. Сыртқа шықсақ күндізгі сменаның жігіттері тракторларын қабылдап, жағар майларын құйып, жүрейін деп жатыр. Бригадир оларға соңғы тапсырмаларын беруде. Адамның тамырын ұстаған дәрігердей әр тракторға барып, моторына үңіліп, үнін тыңдайды. Бригадаға быйыл берілген «ДТ—54» жаңа тракторларының алдыңғы жағынан ілінген кішкене қызыл жаллау жаңа шығып келе жатқан күн сәулесіне шағылысып жайнай түседі, трактормен бірге діріл қағып желбіреді.

Біздің жастар еңбекке де әнмен араласпай ма! Орындарынан қозғала беріп, олардың барлығыда Караманиян бастаған Отанмыздың еңбек таңын жыр ететін «Отан» әніне қосыла кетті.

Күнде алқарып жүрген үйреншікті іе болса да плуттың күн шарғылысқан таза тістерін жерге ағашқы қадаған кезде Айтбайдың бойын ерекше бір толқын билейтін.

Көз алдынан жыртылған қара барқыт жер, салмақты басын төмен иіп желмен жайқалған толқынды бидай егісі, теңізде жүзген кемедей астық орып жүрген комбайн суреттері көз алдынан тізбектеліп өтіп жатқан кезде ол өте бір тәтті қыялға бататын. «Қара жерді қақ айырып ауыр плутты жүк көрмейтін «ДТ—54» тракторын өзім жүргізем, қыртысы қақ айырылып қалып жатқан жерге трактор кабинасының артқы терезесінен қарап қойып отырсам, қандай тамаша» деп ойлаушы еді ол.

Плут тістеріне қарап ойға шомған оны «тракторды тоқтат» деген дауыс селт еткізді. Дауыстаған бригадир Иван Минович екен. Ол тракторшы Әбенмен тіркеуші Айтбайды жаңа ғана аударылған бороздаға шақырып алды. Ана екеуі бригадирдің оң қолының комбинзон қалтасына бара бергеннен-ақ жағдайды бірден түсінді.

— Тайыз жыртылған...

Бригадир жыйналмалы темір метрлігімен жыртылған жердің тереңдігін өлшеп, Айтбайға көрсетті.

— Неше сантиметр?

Өзінің істеген қателігінен ұялған шәкірттей қысылған Айтбай бірден жауап бере қоймады.

— Он сегіз.

— Тапсырма қанша еді?

— Жыйырма екі.

Бригадир артық ешнәрсе айтқан жоқ, тек қана плут тісін шекті мөлшерге де-

йін төмен түсірді де басқа тракторларға қарай кетті.

— Көрің бе, Айтбай. Қыялшылықтың пайдасын, — деді Әбен бригадир кеткеннен соң. Соңғы кезде Айтбайды ол да байқап жүр еді.

— Ал кеттік, байқап отыр, жал қалмасын, — деп Айтбайды арқадан бір қақты да тракторға мінді. Қара түгінді таза ауада будактатып, трактор ігері қозғады. Жыртылып жатқан осы жазыққа көз жіберсең көз алдында әдемі бір пахта ашылады.

Көз жазық. Көз жетер жерде күннің қызуынан қайнаған су бұйындай толқыған сағым көрінеді. Біз тұрған жерден алыстай түскен тракторлар сол сағымға оранып бұлдырай түседі. Ал, бері қарай келе жатқан трактор туманын шығып келе жатқан парходқа ұқсайды.

Тракторлар мен бригада қосы арасында тракторларға су тасыған көлік, жанармай тасыған машиналар көрінеді. Барлығында да ерекше бір жылмақтылық, шапшаңдық байқалады. Трактор гүріні, ән салған механизаторлардың дауысы барлығы бір әсем үнге қосылған. Ол үн — еңбек, қызу еңбек үні еді.

Механизаторлардың бұл күнгі еңбегі де табысты аяқталды. Олардың барлығы да тапсырмаларын орындады. Бұл күні төрт «ДТ—54» тракторымен бригада 26 гектар тың жер жыртып, жыртылған жердің сапасы агрономиялық талаптарға толық сай.

...Күндізгі қызу еңбектен кейін олар қос басына қайтты. Табысты еңбектен кейін көңілді түрде дем аймақ, келесі еңбек күніне күш жыйнамақ. Ал олардың орнын кезектес жолдастары басты. Бақытты болашақ үшін еңбек думаны қызған бұл кең жазықта трактор үні осылайша күні-түні басылмайды.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ,

Совет ауданы, «Еркіндік» колхозы.

Кузбасс музыкалы комедия театры Петропавлда

Театрдың бас режиссері Л. А. Кордонскиймен әңгіме

Қаладағы облыстық драма театрының үйінде Кузбасс музыкалы комедия театрының коллективі өздерінің постановкаларын көрсете бастады. Мұны қала жұртшылығы қызыға көруде.

Театр Петропавл қаласында және облыстың тың және тыңайған жерлерінде, жаңадан ұйымдастырылған астық совхоздарында болып, еңбекшілерді постановкалармен, концерттермен қамтыды. Театрдың программасында «Кето және Котэ», «Шельменко — Дежниця», «Малиновкадағы құдалық тойы», «Трембита», «Марийбаның бақыты», «Теңіз түйіні», «Қыздың сасқалақтауы» постановкалары бар. Жаңа жерлерді игеріп жатқан совхоздарда болған кезде постановкалармен бірге концерттер де қойып береміз. Онда опералардан ариялар, дуэттер, совет композиторларының әндері орындалады.

Кузбасс музыкалы комедия театрының Солтүстік Қазақстан облысында болуы облыс еңбекшілерін театрымыздың репертуарларымен, артистеріміздің искусство шеберліктерімен таныстыруға мүмкіндік береді. Мұнымен бірге, облыс еңбекшілерінің біздің постановкалар туралы пікірлерін естіп, өзіміздің искусство шеберлігімізді одан сайын жетілдіруімізге көмектеседі.

Бұл күндері Солтүстік Қазақстан облысының облыстық театры да Кемерово облысының қалалары мен селоларында өздерінің постановкаларын көрсетуде. Театр коллективі Анжеро, Суджикск, Маринск, Тайга, Порча және Томск қалаларында, Тежинск, Беркульск, Тесельск аудандарының колхоздары мен совхоздарында, МТС-терінде болады. Мұнда олар Собоко мен Балабанның «Жүз миллион», Шевченконың «Назар Стодоля» Корнейчуктың «Илатон Кречет», Симоновтың «Бір сүйіспеншіліктің тарихы» деген постановкаларын қояды. Театр екі ай бойы Кемерово облысында гастрольде болады.

Бұл ауыспалы гастроль екі театр коллективінің бір-бірімен тәжірибе ауысып, пікір алысуына, сөйтіп, жұмыстағы кейбір жетіспеушіліктерді жетілдіруде, сөз жөк, көп пайда келтіреді.

Кузбасс музыкалы комедия театры еліміздегі жас театрлардың бірі. Ол 1944 жылы Улы Отан соғысы жүріп жатқан кезде Кемерово облысының Прокопьевск қаласында құрылды, кәзір Кемерово қаласында тұрады. Ол уақытта театрдың коллективі, артистер құрамы шағын болатын. Ая, артистеріміздің искусство шеберліктері кәзіргі күндермен салыстырғанда әлде қайда төмен еді.

Театр құрылғаннан бергі осы жылдар ішінде коллектив арнаулы жоғарғы және

орта оқу орындарын бітірген адамдармен және басқа көркемөнер үйірмелеріне қатысып, өздерінің артистік қабілетін көрсеткен жастармен толықтырылды. Олар искусстволық шеберліктерін арттыру үстінде үзбей еңбек етіп, өздерінің идеялық-саяси білімін жетеру арқылы облыс еңбекшілерінің сүйікті артистері болып алды.

Театрда біраз уақыттан бері үзбей қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі искусство шеберлері де көптеп саналады. Олардың қатарына Өзбек ССР-нің еңбек сіңірген артистері: Н. Л. Конессвич пен А. М. Адрианов, А. С. Анашин, С. К. Ливанов, А. К. Бобров, А. Т. Лиров, театрдың бас дирижері Е. Н. Лугев және басқаларын қосаға болады. Олар совет композиторларының, орыс және Батыс Еуропа авторларының шығармаларын театр сахнасында қойып, оларды Кемерово облысының еңбекшілерімен таныстыруда көп еңбек сіңірді. Міне, сондықтан да музыкалық комедия театры, оның артистер коллективін облыс еңбекшілері қошеметтейді және орынды мақтан етеді.

Петропавл қаласында да біздің постановкаларымыз табыспен өтуде. Оған күн сайын мекемелер мен кәсіпорындарынан түсіп жатқан көптеген заявқалардың өзі-ақ толық дәлел бола алады. Мұның бәрі Солтүстік Қазақстан облысы еңбекшілерінің Кузбасс музыкалы комедия театрына деген қошемет белгісі болып табылады.

Енді аз күннен кейін партияның шақыруы бойынша Қазақстанға келіп, жаңа жерлерді игеріп жатқан патриоттарға театр постановкаларын көрсетеміз. Олардың көркемөнерпаздар үйірмесіне көмектесіп, пайдалы кеңестер береміз. Театр коллективінің жаңа жерлерде болуы жаңа совхоздардың өмірімен, онда қадырлы еңбек етіп жатқан совет адамдарымен жүзбе-жүз танысуға, оларды театр сахнасында дәл өмірдегідей етіп көрсетуге мүмкіндік береді.


Біз гастрольде жүрсек те, орының қолайсыздығына қарамастан жаңа постановкалар даярлау жұмыстарын қызу жүргізудеміз. Кәзір композитор Карл Целлердің «Мартын Рудаков», композитор Кальманның «Марица», «Физалка Монмартра» және басқа спектакльдерді даярлап жатырмыз. Быйылғы маусымды осы аталған спектакльдерді көрсетумен аяқтаймыз.

Театр Солтүстік Қазақстан облысында біраз болғаннан кейін Қарағанды, Қорған облыстарына гастрольге барады. Бұл облыстарда бұрынғы программадағы спектакльдерден басқа, жаңа даярлан жатқан спектакльдердің бірқатарын көрсетеміз.

Жаңа кітаптар

Облыстық кітап саудасы магазинінде мынадай кітаптар сатылады:

И. Сталин. Марксизм және тіл білімі, 15000 дана, бағасы 40 сом.
Сабит Мұқанов. Сыншарық. Роман. Ба...



Орал, А. С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың үйі. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Дала қостарында 50 спектакль қойылды

ПАВЛОДАР, (ҚазТАГ). Облыстық орыс драма театры артистерінің бригадасы облыс колхоздарында, МТС-тері мен совхоздарында гастрольде болған сапарынан қайтып оралды. Бір ай ішінде ол Ертіс, Үрлітөбе және Максим Горький аудандарының дала қостарында және селолық клубтарында 50-ге жуық постановка көрсетті. Көрсетілген спектакльдердің ішінде Осеровскийдің «Батыл жерде», Арбузовтың «Жастықпен кездесу», Розовтың «Өмір беттері» және басқалары бар. Оларды 12 мыңға жуық адам көрді. Тың және тыңайған жерлерді игеруші Абай атындағы және Ленин атындағы жаңа астық совхоздарында артистердің ойыны зор табыспен өтті.

Бригада селолық көркемөнер коллективтеріне көмек көрсетті. Павлодар артистері, сол сияқты, Омек облысындағы Черлакскі ауданында болып, село еңбекшілеріне өздерінің спектакльдерін қойып көрсетті.

Тың жерлерге қоныстану

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қоныстандыру жөніндегі басқармасына Украина ССР-інің 200 семьясынан республиканың тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарындағы колхоздарында қоныстандыруды өтінген алғашқы заявка түсті.

Кәзір Қостанай, Ақмола, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды және Павлодар облыстарында қоныстанушыларды қажет ететін колхоздар анықталуда және белгіленуде. Алдын-ала жасалған есепке қарағанда республиканың жаңа жерлерді иге-

Мектептер жаңа оқу жылына үлгілі әзірленсін

Біздің маңызды міндеттеріміз

Коммунистік партия мен Совет үкметі жас ұрпақтарды коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне әрдайым ерекше көңіл бөліп, өкелік қамқорлығын үнемі көрсетіп келеді. Елімізде жастардың сауатты, жоғары мәдениетті азамат болуына барлық мүмкіншілік турғызылып отыр.

Бүкіл еліміздегі сияқты, біздің ауданымызда да жас ұрпақтарға деген қамқорлық жылдан-жылға күшеюде. Аудан көлемінде 1952—1953 оқу жылымен салыстырғанда барлық мектептер көрнекті табыстарға ие болды. Өткен оқу жылында ауданда 5 орта, 20 жетіжылдық, 32 бастауыш, бір ауылдық жастар мектебі жұмыс істеді, яғни 2 орта, 4 жетіжылдық мектеп өткен жылы жаңадан ашылды.

Осы ауданның орта мектептерін үстіміздегі жылы 145 оқушы бітіріп шықты. Тек, Еңбек орта мектебін бітірген 41 оқушыдан 15-і қазақ қыздары. Бұлардың қай қайсысы болса да Москва, Ленинград, Алматы, Киев, еліміздің тағы басқа ірі қалаларындағы жоғары оқу орындарына түспек.

Соңғы жылдарда мектептердің оқу-материалдық базасы едәуір нығайып, оқу-тәрбие сапасы да артты. Мектептерде жоғары оқу орындарын бітірген оқытушылар саны да жыл санап көбеюде.

Өткен жылы осы Ленин ауданындағы Александровка селолық Советінің депутаттары мен активтерінің мектептерді жаңа оқу жылына уақытылы әзірлеу үшін социалистік жарысты кең өрістетуге жазған үндеуі аудан еңбекшілері арасында қызу қолдау тапты. Осы Совет активтері өз үндеулерін игілікті іспен аяқтап, 7 бөлмелі мектеп үйін салып, оқу жылына дейін толық жабдықтады.

Сол сияқты, коммунист Коцарь басқарған Воровский колхозы және Бұлак, Красный сибиряк, Ново-узенец селоларында да жаңа мектеп үйлері салынды.

Мектептерде оқу сапасын арттырудың аса маңызды салалы шараларының бірі— мектеп үйлерін оқу жылы аяқталысымен жаңа оқу жылына жан-жақты әзірлеу, оқушыларды қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету. Жаңа оқу жылына ойдағыдай дайындалғанда ғана оқу жылында ешбір кедергісіз программада көрсетілген материалдарды түгел өтіп, оқу сапасы да жоғары болуына мүмкіндік туады.

Осы жағдайларды түгел қамту үшін Ленин аудандық Совет атқамінде 1954—1955 оқу жылдарына мектептерді сапалы әзірлеу мәселесі қаралып, тиісті қауым қабылданды. Аудан мектептерінде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары апрель айында басталды.

Быйылғы жылы аудан көлемінде 5 мектеп үйі күрделі жөндеуден, қалған 52

мектеп пен 2 интернат үйі жеңіл жөндеуден өтуге тиісті. Ауданның көп мектептері оқу жылына әзірлік жұмыстарын зор ұйымшылдықпен бастап, мектеп үйлерін күрделі және жеңіл жөндеуден өткізіп, онымен бірге кластарды толық жабдықтады.

Мәселен, Ильинка орта мектебі (директоры Лобанов, селолық Совет председателі Кирпа) кәзірдің өзінде жаңа оқу жылына толық әзірленді. Мұнда мектеп үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, мектепке қысқа керекті 120 текшеметр отын даярланып, ол отын түгел мектеп жанына тасып алынды.

Ал, Торанғұл (директоры Гаврилова), Волошенко (директоры Толекнеева), Ленидовка (директоры Лыскин) жетіжылдық мектептерінде және Өндіріс, Өрнек (мектеп меңгерушілері Өубақиров, Қуандықов) жаңа оқу жылына әзірлікті ерте бастан қолға алып, мектеп үйлерін толық жөндеуден өткізіп, керекті отын қорын да жеткілікті етіп жыйнап алды.

Явленка совхозының басшылары (директоры Ж. Вобрицкий) жыл сайын совхоз қарауындағы мектептердің оқу жылына уақытында әзірленуіне барлық мүмкіншілікті турғызып келеді. Мұнда совхоз жұмысшыларының күшімен жексенбіліктер ұйымдастырылып, мектептерді күрделі және жеңіл жөндеуден өткізуге арнаулы шеберлер бөлініп отырылады. Өткен оқу жылына дейін совхоз күшімен фермаларда екі бастауыш мектеп салынды. Быйылғы жылы да орталық фермада жаңадан бастауыш мектеп үйі салынады. Осы аудандағы Торанғұл совхозы (директоры Сейтмуллин) мектептердің оқу жылына әзірлігін тез аяқтап, олардың жан-жақты дайындалуына ерекше көңіл бөліп келеді.

Кәзірдің өзінде жалпы аудан көлемінде 22 мектеп үйі жеңіл жөндеуден өткізіліп, 28 мектеп қысқа жеткілікті отын қорымен қамтамасыз етілді.

Дегенмен, кейбір ауыл-село басшылары мен мектеп директорлары мектептерді оқу жылына уақытылы әзірлеудің маңызына жете түсінбей, бұл жұмыстарға ерекше назар аудармай келеді. Мәселен, Заградовка селолық Советінің (председателі Кистерский) қарауындағы бес мектептің екеуі күрделі жөндеуден өтуге тиіс еді. Үкмет тарапынан бұл жұмыстарға жұмсалатын қаржы да ерте бөлінгенді. Бірақ, бұл мектептерде жөндеу жұмыстары әлі де болса басталмай отыр. Селолық Советтің председателі Кистерский мектеп директоры Омаров, бастауыш мектеп меңгерушісі Гончарова жолдастар жоғарыда көрсетілген жұмыстардың тез аяқталуына дұрыс басшылық жасап, мек-

тептердің жөндеу жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға тиіс.

Ауданның Бірлік ауыл Советі (председателі Қымыранова), Ивано-Павловка селолық Советі (председателі Подольск) жолдастар да мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстарына дұрыс басшылық жасай алмай келеді. Осының салдарынан бұл мектептерде де жөндеу жұмыстары мен қысқа жеткілікті отын даярлау жұмыстары өте баяу қарқынмен жүргізіліп отыр.

Мектептерде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде және керекті құралдармен толық жабдықтауда, оқулықтарды жеткілікті ету үшін сауда бөлімдерінің алдына да зор міндеттер қойылады. Ама! не, бұл жұмыстар да өз дәрежесінде жүргізілмей отыр. Мектептерде басқа жетіспейтін құралдарды айтпай-ақ, оқу, жазу, сызу құралдарының өзі де жетімсіз болып отыр.

Жаңа оқу жылына әзірлену кезінде ауданның барлық мектептерінде мектеп жанындағы балалардың есебі Оқу министрлігі бекіткен нұсқауға сәйкес жүргізіліп, жаңа оқу жылында мектептерде оқушының оқушылар саны толық есепке алынды. Барлық оқу жасындағы балалардың оқуға түгел тартылуына мұнда тиісті шаралар қолданылып, ол жұмыстардың жүзеге асырылуына ерекше көңіл бөлініп отыр.

Оқу жылына әзірлікте естің шығармайтын бір жағдай—балалардың жазғы каникулін жақсы ұйымдастырып, олардың жақсы дем алып, дене шынықтыруларына және денсаулықтарын нығайтуға толық жағдай жасау қажет.

Міне, осы мақсатпен ауданда 1 июльден бастап пионерлер лагері жұмыс істей бастады. Бұл лагерьде 60-тан астам колхозшы және жұмысшы-қызметкерлердің балалары дем алуға. Ал, Явленка, Ильинка, Корнеевка селоларында ұйымдастырылған балалар бақшасында 100 бала тынығып, өздерінің денсаулықтарын нығайтуда.

Осы жылға жасалған жоспар бойынша мектептерден 50 бала экскурсияға шығып, 80-нен астам мектеп оқушылары туристік жорықтар жасамақ. Жақында экскурсиялардың біртөбесі Петропавл қаласында болды.

Жаңа оқу жылының басталуына да көп уақыт қалған жоқ. Сондықтан, бар күш-мүмкіншілікті толық пайдаланып, мектептерді жаңа оқу жылына мұқият әзірлеу жергілікті ауыл-село Советтері мен мектеп директорлары, бастауыш мектеп меңгерушілерінің бүгінгі таңдағы басты міндеті.

Б. ТЕМІРВОЛАТОВ,

Ленин аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

Елеулі кемшіліктер орын алған жерлерде

Дегенмен, жаңа оқу жылына әзірлік меңгерушісі Әмнов жолдас оқу жылы

сы, 20000 дана, бағасы 60 тыйын.
С. А. Нұтафьев. Қазақ ССР, Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 1953 жыл, бағасы 1 сом 35 тыйын.
М. Әуезов. Абай. Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 20000 дана, бағасы 8 сом 95 тыйын.
Абай Құнанбаев. Өлеңдер жыйнағы (орыс тілінде). Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 15000 дана, бағасы 3 сом 35 тыйын.
Абай Құнанбаев. Өлеңдер жыйнағы. Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 1950 жыл, 25000 дана, бағасы 4 сом.
Жамбыл. Шығармаларының толық жыйнағы. Қазақтың Мемлекеттік баспа-

зактың Мемлекеттік баспасы, 20000 дана, бағасы 25 сом.
Қасым Аманжолов. Өлеңдер, поэма және аудармалар. Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 10000 дана, бағасы 7 сом 40 тыйын.
Мұқан Иманжанов. Азамат мақтайышы. Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 15000 дана, бағасы 1 сом.
Ғ. Бөшіров. Намыс. Роман. Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 15000 дана, бағасы 9 сом 45 тыйын.
Бұл кітаптарды Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 26-үй, облыстық кітап саудасы, «Почтамен кітап жөнелту» бөлімі арқылы заказбен алысуға болады.

Жаңа клуб

Преснов ауданындағы Калинин атындағы ауылшаруашылық артели жаңа клуб үшін салуға кірісті. Клубқа 150 адам сыяды. Жаңа клуб колхозшылардың жұмыстан бос уақытта мәдениетті тынығуына мүмкіндік береді. Мұнда сахна, көршілер отыратын зал, кітапхана және

көркемөнерпаздар үйірмесінің бөлмелері болмақшы.

Жақында Калинин атындағы ауылшаруашылық артели мемлекетке тапсырылған ет үшін бір жүк машинасын сатып алды. Бұл артелидегі екінші жүк машинасы.

ретін аудандарында 35000 семьяны қоныстандыруға болады. (ҚазТАГ).

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ЕГІН ЖЫЙНАУ БАСТАЛДЫ

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Облыстың өңтүстік бөлігіндегі колхоздарда егінді іріктеу оғу басталды. Егін даласына ондаған комбайндар шығарылды.

Механизаторлар мен колхозшылар СӨБИ Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысына жауап ретінде алғашқы күннен бастап егін жыйнау мерзімін қысқарту үшін күресуде. Бенеес МТС-нің комбайншылары Музенко, Әжікәрімов және басқалары Свердлов ауданындағы Свердлов атындағы және «Үлгі» ауылшаруашылық артельдерінде арпа жыйнайды. Олар әрбір гектардан 85-90 пұт астық бастырып, тапсырманы асыра орындай жүр. Арнаулы сүйретпелермен сабан қолма-қол егін аланының шетіне тасылып үйіледі. Электрлендірілген қырмандарда екі өсенамен жұмыс істеу ұйымдастырылған. Көше жаңа егін астығының алғашқы тоналары дайындау пунктіне жеткізілді.

жылдық және орта мектептерінде жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары ерте-ақ басталып, қызу жүргізілді.

Возвышен орта мектебі (директоры Яковлев, селолық Совет председатели Леонид Жолдастар) жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жақсы ұйымшылдықпен бастап, көздің өзінде мектеп үшін толық жөндеуден өткізіп, мектепке керекті көрнекі құралдар және оқулықтарды толық әкелді. Мұнда қысқа жеткілікті отын, 120 тонна көмір, ондаған текшеметр ағаш мектеп жаңғына тасылып алынды.

Сол сияқты, Писаревка жетіжылдық мектебі де (директоры Сотникова) оқу жылына дайындық жұмыстарын ерте бастап қолға алды, мектеп үшін толық жөндеуден өткізіп, мектепке быйылғы жылда жөндеуге тиісті 26 парта, 2 класс тақтасы, орындық, столдарды жөндеу жұмысын аяқтады. Керекті отын қорының 75 проценттен астамы мектеп жанына тасылып алынды. Қарағанды, Веселовка жетіжылдық мектептерінде де жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде.

жұмыстары ауданның барлық мектептерінде бірдей жақсы жүргізіліп жатқан жоқ. Кейбір ауыл-селолық Советтердің председателдері, мектеп директоры мен мектеп меңгерушілері бұл жұмысқа немқұрайлы қарап, мектептерде күрделі және жеңіл жөндеу жұмыстарын ұзаққа созып келеді.

Осы аудандағы Возвышен совхозының № 2 бөлімшесіндегі Григорьевка бастауып мектебі өткен қыста өте суық болды. Оқушыларға жасалған жоспар бойынша программаны түгел өтуде де көп кездергі кездесті. Бұл мектепте отын қоры да екі еседен артық жұмсалды. Совхоз директоры Богиниц жолдас мектеп үшін быйылғы жылы жаңартылып қайта салынуы керек екенін біле тұра күні бүгінге дейін жұмыстың басталуына мүмкіндік тудырмай отыр.

Ал, Ворошилов селолық Советіне қарайтын Ушқызыл бастауып мектебі жаңа оқу жылына дайындық жүргізуге тіпті де асыра емес. Мұнда, мектеп үшін жөндеу, қысқа отын қорын даярлау жұмыстары әлі басталған да жоқ. Мектеп

аяқталысымен демалысқа шығып, кетіп қалды. Ауылдық Совет председатели Бекмухаметов жолдас та мектептердің оқу жылына мұқият әзірленуіне ешбір назар аудармайды. Ол керек десе мектеп үйлеріне кіріп, олардың жұмыстарымен танысуды да ескермей отыр.

Істің жайы, Бірінші-май ауылдық Советіне қарайтын бір жетіжылдық, бес бастауып мектепте де нақ осындай. Бұл мектептер де мектеп үйлерін күрделі және жеңіл жөндеулерден өткізу және қысқа жеткілікті отын қорын дайындау жұмыстарына әлі кіріскен жоқ.

Міне, осындай кездесіп отырған кемшіліктерді тез жойып, оқу жылын толық әзірлікпен бастау үшін, жергілікті партия, совет ұйымдары күнделікті басшылықты күшейтіп, істелген жұмыстардан игілі нәтиже шығаруға ерекше көңіл бөлуді керек.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Оқушылардың сұрағына жауап

Тафт-Хартлидің заңы деген не?

В. И. Ленин империализм дәуірінде буржуазия реакциясына қарай жатқ бұрылады деп талай рет атап көрсетті. Мұны кәзір көз келген капиталистік елдерден көруге болады. Әсіресе монополиялардың саяси реакциясы Америка Құрама Штаттарында ерекше дәреке форма алды. Мұхиттың арғы жағындағы монополистер елді фашистендіру жөнінде көптеген шараларды жүзеге асырды және өзінің еңбекшілердің правосына деген шабуылын күн сайын күшейтіп отыр.

Бұл шабуыл барлық бағытта жүргізілуде. Елді демократия мен социализм лагеріне қарсы милитаристік насихаттың соғыс ашуға шақырудың тұмаңды толқыны басты. Еңбекшілердің демократиялық ұйымдары барған сайын аяусыз қысымға алынуда. Мыңдаған адамдар жұмыстан айырылды және өзінің демократиялық басқарастары үшін еңіреті түзу еместердің қара тізіміне ілектірілді. АҚШ-та өкметке азаматтарды прогрессивтік идеяларға болмапты ғана ықласы үшін қуғын-қасуға мүмкіндік әперетін атышулы Смит және Маккарон заңдары қызмет істеуде. «Албастылар аулау» деп аталатын бұл қудалаушылық Америкада әрбір жыл сайын үсті-үстіне ісеп көлем және үсті-үстіне тағылық сыпат алып отыр.

АҚШ-тың монополиялары жұмысшы қозғалысына қарсы күресте қандай ғана болсын күш жасаудан тайынбайды. Стачка жасаушыларды және жұмысшылар демократиясына қатысушыларды ату, кәсіподақтар активтерін өлтіруі, және ұрып-соғуы, монополиялардың кәсіподақтардың басшыларын сатып алуы, аяндаушылардың көмегімен жұмысшылар ұйымдарын бөлшектеу жөнінде бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Алайда, осының бөріне қарамастан еңбекшілер өздерінің правосы үшін күресті тоқтатпай жүргізуде. Соғыстан кейінгі жылдарда АҚШ-тың өндіріс аудандарында капиталдың шабуылына қарсы миллиондаған адам қатысқан күшті ереуіл толқыны көтерілді. Бұл жағдайда монополиялар жұмысшы қозғалысын басудың жаңа жолдарын іздей бастады.

Осыдан жеті жыл бұрын АҚШ-та Тафт Хартли заңы деп әйгілі болған, реакциялық саясатшылардың — сенатор Тафтың және өкілдер палатасының мүшесі Хартлидің аттарымен аталған жұмысшыларға қарсы заң күшіне кірді. Бұл заңды елдің барлық жұмысшы табы аяу-ызамен қарсы алды. Американың пролетариатының алдыңғы қатарлы жүйесі оны жою жолында үздіксіз күрес жүргізуде.

Тафт-Хартли заңы дегеннің өзі не?

Оның жекелеген статьяларының мазмұнын талдайық. Заң кәсіподақтарды даярланып жатқан ереуілдер туралы екі ай бұрын алын-ала кәсіп иелеріне білдіруге міндеттейді, бұл кәсіп иелеріне ереуілдерді болдырмау үшін мезгілінде шара қолдануға мүмкіндік береді. Егер ереуіл өкмет «өмірлік маньзы» бар деп жариялауды қажет деп санайтын экономика саласын қамтытатын болса, сот жұмысшылардың ереуіліне шығуын бірнеше айға кешпейдетуге міндеттейтін үкім шығара алады. Тафт-Хартлидің заңы әрқыйлы амалмен штрейкбрехерлікті дәріптеп, мемлекеттік қызметкерлердің ереуіліне және ынтымақтастық ереуіліне тыйым салады. Егер, капиталистердің ішкі бойынша, ереуілшілер күресті «әділетсіз» жүргізсе, яғни кәсіп иелеріне оны болдырмауға мүмкіндік бермесе, онда заң кәсіп иелеріне ереуілге байланысты болған шығынның орнын кәсіподақтардан толғыртып алу жө-

нінде сот арқылы талап қоюға мүмкіншілік береді. Тафт-Хартлидің заңы «әділетсіздік» ұғымын ең кең көлемде талқыға салуға мүмкіндік береді. Мәселен, кәсіп иелер кәсіподақтары өкметтің тыйым салуына қарамастан, ереуіл жариялағаны үшін орасан көп ақшадай шығын төлеуге сотқа тартылды.

Бұл заңды пайдаланып, кәсіп иелері ұзақ уақыт бойына коллективтік договорлар жасаудан бастарға алды. Мұның нәтижесінде шиеленіс болған жағдайда договор жасау жұмысшылар мен кәсіп иелері арасындағы жанжалды реттеумен шұғылдануға тиісті еңбек қатынастары жөніндегі үкметтік Ұлттық басқарма іеті қарауды аяқтағанға дейін кейінне қалдырылады. Ал, бұл істі қарау шекеіз ұзақ да дейін созылуы да мүмкін.

Тафт-Хартли заңының басты мақсаттарының бірі—прогрессивтік кәсіпшілік одақтарын жою. Заңның ережелеріне сәйкес жұмысшылардың мақсаттарын қорғау правосын басшылары коммунистер емес және коммунистік партиямен байланыспайтын кәсіподақтар ұйымдары ғана пайдалана алады. Бұл жөнінде олар өкмет иелеріне жазба түрде ант беруге тиіс. Егер өкмет кәсіподақ басшыларының саяси бейнесі жөніндегі заң талабы сақталмайды деп есептесе, онда мұндай одақ өзінің правосынан нақтылы айрылады: өл енді кәсіподақты оны мен кәсіп иелері арасында өзінің «келістірушілігімен» «қамтытып» еңбек қатынастары жөніндегі Ұлттық басқарма деп «танылмайды».

Бұл басқарма істің шындығында мемлекеттік штрейкбрехерлік ұйым ретінде өмір сүреді. Еңбек шиеленістері кезінде ол, тәртіп бойынша, кәсіп иелері жағында болып шығады және прогрессивтік кәсіп-

одақ ұйымдарына келістірушіліктен бас тарттады.

Майдың соңғы күндерінде еңбек қатынастары жөніндегі Ұлттық басқарма аң терілері мен былғары жасаушылар одағына өзінің көмегін көрсетуден бастартты. Оның үстіне басқарма кәсіподақты оның басшыларының құрамына «коммунистер енді» міс деп айыптайды.

АҚШ-тың билеуші топтары прогрессивтік кәсіподақтар қайраткерлерін тұншықтыру үшін Тафт-Хартлидің заңын басқа реакциялық заңдармен байланыстырып, кең көлемде пайдалануда. Өкмет таранынан электр жасаушылар кәсіподақтарының көрнекті қайраткерлері Эмспак және Куинн, сырлаушылар кәсіподақтары бастауындағы порт жұкшілері мен қойма жұмысшыларының Ұлтаралық басшылары, тағы сол сияқты, көптеген басшылар жазаға тартылды.

Тафт-Хартли заңының әріптеріне бағына отырып, өндіріс кәсіподақтарының (АҚШ-тағы кәсіподақтар бірлестігінің көлемі жағынан екіншісі) реакциялық иелері бұл бірлестіктің құрамынан электр жасаушылар кәсіподағы және басқа да прогрессивтік ұйымдарды шығарып тастады. 300 мыңнан астам жұмысшыларды біріктіретін электр жасаушылар кәсіподақтары өкметтің үздіксіз жасаған соққысының құрбанына айналды. Оны бірнеше рет еңбек қатынастары жөніндегі басқармаға жұмысшылардың өкілдерін жіберу правосынан айыруға әрекет жасалды. Ал, өткен жылдың жүзінде белгілі ауым Маккарти бастаған АҚШ сенатының арнаулы комиссиясы бұл одақтың жұмысына «тексеру» жүргізді.

Өкмет пен кәсіп иелері жұмысшылардың ереуілін болдырмау үшін Тафт-Хартлидің реакциялық заңын кейінен пайдалануда. Жұырда ол АҚШ-ға өмір сүріп отырған кәсіподақ бірлестіктеріне бағынбайтын өздерінің меншікті кәсіпшілік одақтарын құру правосын қорғау жолында 29 күн ереуіл жасаған Нью-Йорк пор-

тының мыңдаған жұмысшыларына қолданылды. Еңбек қатынастары жөніндегі басқарма жұмысшылардың тілегімен санаспағандықтан, ал, сотаралықтары, Тафт-Хартлидің заңының статьяларына сәйкес ереуілдің тоқтатылуын талап еткендіктен стачка өткізілмеуіне ұшырады.

Прогрессивтік кәсіподақ қозғалысын болдырмау мақсатымен Тафт-Хартлидің заңында тағы да бір күш қарастырылған: ол жекелеген капиталистік компаниялардың басшыларына бағынатын «компаниялық» кәсіподақтар деп аталатын дәріптейді. Соңғысы, сөзсіз, мұндай «одақтармен» кәсіпорын иеленушілерге пайдалы жағдайда шарт жасайды. Алайда, заңда қойылатын әрқыйлы кездерілерге қарамастан, стачкалар еңбекшілердің өз правосы үшін күресінде маңызды күш болып қалып отыр. Алты жыл мезгіл ішінде 1948 жылдың басынан 1954 жылға дейін АҚШ-та 15 миллионнан астам адам қатысқан 26 мыңға жуық ереуіл болды.

АҚШ-тың билеуші топтары Тафт-Хартлидің заңын бұқараны тікелей алдау үшін пайдалануда. Өзінің жағына сайлаушылардың дауысын көп алу үшін, Трумэн 1948 жылы президент сайлауы алында бұл заңды жоюға уәде берді. Бірақ, өкметті қолына алғаннан кейін ол бұл заңды 1950 жылы көмір қазушылардың стачкасын басу үшін және 1951 жылы мыс рудниктері мен мыс балқытатын заводтардың жұмысшыларының стачкасын басу үшін пайдаланды. 1952 жылғы сайлау кезінде бұл заңды қайта қарауға американың халқына уәде берген билеуші республикалық партия да кәзір осыны істеп отыр. !

Өкмет басына келіп, республикашылар, алайда, өзінің қолданылуы еңбекшілердің право жағдайларының бұрынғыдан да гөрі төмендеуін тудыратын заңды «қайта қарады». Үстіміздегі жылдың басында үкмет АҚШ-тың көпшісіне Тафт-Хартлидің заңына Смиттің заң жобасы деп аталатынында біріктірілген түзетулер мен өзгертулер енгізуді тапсырды. Түзетулер,

мәселен, өкметтің жұмысшылардың ереуіл мәселесі жөнінде дауыс беруін бақылауын көздейді, сонымен бірге бұған қатысқанғандардың дауысы ереуілге қарсы дауыс берген деп есептеледі. Дауыс беруге ереуіл жариялаған кәсіподақ мүшелері ғана емес, сонымен бірге бұл кәсіпорынның басқа жұмысшылары да қатысуға тиіс. Мұның мәнісі жұмысшылардың санасы аз бөлігі коллективтің белгілі бір бөлігінің стачка жасауынан бүкіл кәсіпорынның амалсыз тоқтап қалу шауыпін, демек, еңбекшілердің жоғалудан сақтанып, ереуілге қарсы тұрып, оның болмауына көмектесуі мүмкін екенінде болып табылады. Егер заң жобасы бекітілген болса, онда кәсіп иелері өзінің үгітін кәсіподақ кәсіпшіліктеріне жүргізуге право алады, мұның өзі кәсіподақ ұйымдарын дербестігінен айырады.

АҚШ-та кәсіподақ қозғалысына басуға Смиттің заң жобасында көрсетілген, Тафт, Хартли заңына енгізілген басқа түзетулер де бағытталған. Олар жергілікті өкметтердің кәсіподақтар жөніндегі өкілдігін еңбек қатынастары жекелеген штаттардың өкмет органдары арқылы реттеуге жатады дегеннің негізінде кәзіретуді көздейді. Сырттан қарағанда, айыпсыз бұл «реформа» американы штаттарында үстемдік алып отырған жұмысшыларға қарсы қысым жағдайында кәсіподақтарды мүдде қорғансыз етеді. «Штаттардағы еңбек заңы, — деп мойындайды «Пост деспетч» газеті, — федеральдағыдан да гөрі сұмдық қатал сыпатта».

Құрама Штаттарда артық өндірудің жаңа экономикалық дағдарыстардың кәсіпшілігіне күшеюде. Монополиялар одан шығуды еңбекшілердің есебінен, оларды қанауды күшейту есебінен табуға тырысуда. Жұмысшыларға қарсы заң шығарудың, оның ішінде, Тафт-Хартли заңының көмегімен монополиялар жұмысшылардың правосына бұрынғыдан да кең шабуылға негіз дайындау үшін тырысып отыр.

А. БОБРОВ.

Қытай халықтарының достық семьясындағы бүгінгі Тибет

ПЕКИН, 10 июль. (СОТА). Мұнда «Халықтық Қытай» журналының 13 номерінде «Бүгінгі Тибет» деген мақала жарияланған.

Тибет халқы, делінген мақалада, Қытай халықтарының көп ұлттық ұлы семьясының тепе-тең мүшесі болып табылады. Оның көп ғасырлық тарихы бар. Өткен уақытта тибет халқы ұшыраған аяусыз ұлттық езгілік—соңғы бірнеше жүз жылдың ішінде саяси, экономикалық және мәдени дамуын тоқырап, құлдырау дәрежесіне жеткізді. Тибет халқының өмірі Тибеттің жеріне империалистік басқыншылар басып кіргеннен кейін өте ауыр болды.

1951 жылы майда Тибет бейбітшілік жолмен азат етілгеннен кейін тибет халқының нағыз бостандыққа қолы жетіп, оның алдында дамудың даңғыл жолы сағдалды.

Үш жылдың ішінде тибет халқының өмірінде үлкен өзгерістер болды. Қытайдың Коммунистік партиясының басшылығымен Тибеттегі барлық халықтардың арасында ішкі бірлікке қол жетіп, тибет халқы мен Тибетте тұратын Халық-азаттық армиясы жауынгерлерінің арасында достық байланыс нығая түсті.

Экономикалық және мәдени құрылыс саласында тибет халқына Орталық Халық үкметі және бүкіл қытай халқы зор және маңызды көмек көрсетуде.

Ұлттық кадрларды даярлау мақсатымен Орталық Халық үкметі Пекинде аз ұлттардың Орталық институтын ашты, онда Тибеттің көптеген қыздары мен жігіттері оқиды. Олар институтты бітіргеннен кейін Тибетке барып, мемлекеттік, экономикалық және мәдени құрылысқа белсене қатысатын болады.

Орталық Халық үкметі Лхас, Шигатз және Гьянтз қалаларында халық банкісінің бөлімдерін ашып, Тибет жер иелеріне, мал өсірушілеріне және жекеменшікке, кәсіпорындарының иелеріне өсіміз ірі қарыздар берді. Лхас, Шигатз және басқа қалаларда мемлекеттік сауда ұйымдары құрылып, олар әділетті баға бойынша жергілікті азық-түлік сатып алуға. Бұл шаралар Тибетте сауданың едәуір жандануына және тибет малшылары мен егіншілерінің тұрмысының жақсаруына көмектесті.

Тибеттіктерге Тибеттегі Халық-азаттық армиясының жауынгерлері мен командирлері үлкен көмек көрсетуде. Көптеген қызылшылықтарды жеңе отырып, олар үш жылдың ішінде 2700 гектарға жуық тың жер көтерді, Тибеттің ауылшаруашылық өндірісіне 300-ден астам ауылшаруашылық дақылдарын енгізді және жергілікті тибет халқына оларды өсірудің жолдарын үйретті. Өткен жылы Лхасқа агрономдар мен мал мамандарын даярлау жөнінде курс ұйымдастырылып, оған ауыл шаруашылығы үшін жергілікті халықтан маман кадрлардың едәуірі даярланды.

Тибет шаруалары Халық-азаттық армиясының жауынгерлерімен бірге Тибеттің экономикалық және мәдени дамуында үлкен қызмет атқаратын Сиан-Тибет тас жолы құрылысын аяқтауға асығуда. Өткен жылы тибеттіктердің мәдени тұрмыс қажетін жақсарту ісінде көптеген жұмыстар істелді. Лхас, Шигатз және Гьянтзда халық емханалары мен амбулаториялар салынып, жергілікті халыққа медициналық тегін көмек көрсетуде. Тибеттің барлық қалаларында почта-телеграф мекемелері бар. Өткен жылдың декабрінен бастап, Пекин мен Лхас арасында телефон байланысы ашылды.

Халық ағарту ісіне үлкен назар аударылуда. Лхас, Шигатз және Гьянтзде бастауыш мектептер ашылып, оларда 2 мыңға жуық балалар оқиды. Сабақ тибет тілінде жүргізіледі. Өткен жылы Лхасқа жалпы білім беретін курстар ұйымдастырылып, онда 100 адам оқып жүр.

Орталық Халық үкметінің тепе-теңдік, бірлесу және өзара көмектесу саясатының арқасында елдің барлық ұлттарының арасында өзара көмектесу саясатын жүргізудің арқасында тибет халқы бірте-бірте қайырынып пен мешегінен азат етілуде, өзінің экономикасы мен мәдениетін дамытып, қытайлықтармен және басқа туысқан халықтармен бірге өз Отанының бақыты және қуаттылығы үшін қажырлылықпен күресуде.

БҰҰ-ның өз қамқорлығындағы жерлердегі тұрғындардың петициясын қарау үшін қамқорлық жасайтын тұрақты комитет советінің мәжлісі

НЬЮ-ЙОРК, 10 июль. (СОТА). Кеше БҰҰ-ның өз қарамағындағы жерлердегі тұрғындардың петициясын қарау үшін қамқорлық жасайтын тұрақты комитет советінің мәжлісі болды. Онда Құрама Штаттардың қарамағындағы Маршалл аралдарының еңбекшілерінің петициялары талқыланды.

Бұдан бұрын хабар етілгендей, бұл петицияда Маршалл аралдарының тұрғындары Құрама Штаттардың атом және сутегі бомбаларына байқау жүргізуіне қарсы наразылық білдіреді. Бұл байқаудың салдарынан аралдың тұрғындары, әсіресе, Ронгелап және Утирик аралдарының тұрғындары елеулі зиянға ұшыра-

борін істейді-міс деп екіжүзділікпен жариялады және сонымен қатар, Құрама Штаттар келешекте де Маршалл аралдарында атом және сутегі қаруларына байқауды жүргізе береді деп мәлімдеді. Құрама Штаттардың өкілі сөзінің қорытындысында Англия, Франция және Бельгия өкілдерінің ұсынған қарар жобасының мазмұнына қанағаттанғандығын білдірді.

Бұдан кейін комитет мүшелері бірқатар нақты мәселелерді петиция берушілердің өкілі Хеймнің және Тынық мұхит аралдарындағы америка өкмет билеушілерінің арнаулы өкілі Франк Мидкиффтің қарауына берді. Атап айта кету қажет.

ФРАНЦУЗ БАСПАСӨЗІ ЖЕНЕВА КЕҢЕСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ АҚШ ПОЗИЦИЯСЫН СӨГУДЕ

ПАРИЖ, 10 июль. (СОТА). Париж баспасөзі Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату туралы келіссөздерді жүргізе беру үшін Даллес Женева кенесіне барудан бас тартты деп ашық наразылықпен хабарлайды.

Газеттер Вашингтондағы француз елшісі Беннионің соңғы екі тырнақты сөздеріне Даллестің бақұлдамай жауап беретіндігін баса көрсетеді.

«Фигаро» газетінің Вашингтондағы тілшісі Беннион Женеваға Даллестің немесе Беделл Смиттің аттандырудың қажеттігіне мемлекеттік департаменттің көзін жеткізуге тырысты, әйтпесе «американ министрлерінің болмауы түрлі түсініктерді тұрғызу мүмкін» деп жазады.

Женевадағы келіссөздерді жүргізе беруге америка үкметінің «ниеті жоқ екендігін» атап көрсете келіп, «Орор» газеті: «Осы жағдай жөнінде батыс елдердің топтарында егер фостер Даллес немесе генерал Беделл Смит Женеваға қайтып келмесе АҚШ «орасан зор және апатты қатер» жасайтындығын Мендес-Франс (мемлекеттік департамент) алдындағы сіздің елшіңіздің көшегі сөзі Вашингтонды салтанатты түрде сақтандырды деп мәлімдейді» деп жазады.

Газеттің атап көрсетуіне қарағанда, Мендес-Франстың ішкі бойынша, мемлекеттік секретарьдың келмеуі «соғыс әрекеттерін тоқтатуға бағытталған Мендес-Франстың әрекеттерін АҚШ-тың қолдамайтындығын көрсетеді және, мүмкін», АҚШ соғыстың созыла беруін жақтайды.

«Фран тирер» газеті былай деп жазады: «Елеулі келіссөздерді қайтадан жүргізуге бәрі де әзір, америка делегациясынан басқаның бәрі де әзір...»

Пьер Куррадтың «Юманите» газетінде атап көрсетуіндей, Индо-Қытай бойынша ықтимал келісімді болдырмау мақсатымен өзіне «ерікті әрекеттерді» қамтамасыз ету үшін Даллес Женеваға барғысы келмеді.

«Даллестің келесі келіссөзіне Индо-Қытай мәселесіне мемлекеттік департаменттің көңіл аудармай отырғандығының белгісі дерлік ісі деп қарауға болмайды, деп жазады Куррад. Американың мемлекеттік секретарының қатыспауы егер келіссөздер ойдағыдай аяқтала қалған күнде АҚШ-тың белсене қатынасуымен жасалған келісімге қол қоюдан АҚШ үкметін бас тартарлықтай болуы үшін жай сақтық жасап, және баодайшылармен екіжақтылық соғыс одағын жасау үшін әрекеттер бостандығын алу болып табылады. Жорж Бидо құлағаннан кейін яғни келіссөздер дүрыс нәтижеге жеткізуі мүмкін болғандығы айқын бола бастаған соң барлық америка стратегиясы бейбітшілікті бүлдіруді жоспарлау негізіне құрылған.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ЗАҢДЫ ПРАВОЛАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ КЕРЕК

ДЕЛИ, 10 июль. (СОТА). Индия жұрт-

„Европалық бірлестік“ туралы договорға қарсы

ИТАЛЬЯН ПАРЛАМЕНТІНДЕ

РИМ, 10 июль. (СОТА). «Унита» газеті депутаттар палатасының сыртқы істер жөніндегі комиссиясының «европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договорды ратификациялау жобасын талқылауға арналған кеше болған мәжлісі туралы толық хабар жариялады.

Сыртқы істер министрі Пиччонидің сөз сөйлеуінен кейін жарыссөз өріс алды. Оған монархист Канталупо, неофашист Анфузо, социалистік партияның бас секретары Ненни және Коммунистік партияның бас секретары Тольятти қатысты. Оңшыл партиялардың екі өкілі «жағдай айқындалғанға дейін» бұл мәселені талқылауды кейінге қалдыруды жақтап сөйлеген.

Ненни былай деп мәлімдеді: үкметтің «европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договорды ратификациялауға тандылықпен тырысуы орынсыз. Үкмет бұл мәселе жөнінде, әсіресе, көзір Франция «европалық қорғаныс бірлестігі» өз саясатының құралы болуға тиісті жағдайды егжей-тегжейіне дейін қайта қарауға мәжбүр болып отырғандықтан қасарыса алмайды. Бұл «бірлестікті» құру барлық европалық халықтар арасында нақты және бейбіт келісімге қол жеткізетін сенімдерді жою еді.

Тольятти үкметтің договорды талқылауды тездету жөніндегі әрекеттерінің тезистеріне қарсы сөйледі. Сонымен қатар, ол мейлінше оңшыл партиялардың халықаралық оқығалардың онан әрі да-

муын шыдамдылықпен күтуді талап етуін сынады.

Біз, коммунистер, деп мәлімдеді Тольятти, соғыс блокттерінің және агрессияшыл мақсаттар үшін Германияны қайта қаруландырудың саясатына қарсы шығамыз. Алайда, біз бұл тезисті жариялаумен тынбаймыз және оның дұрыстығына басқа партиялардың сенуін күтіп отыра алмаймыз. Италияның сыртқы саясатының басшылары алдына олар жауап беруге тиісті мынадай сұрақтар қоямыз: дүние жүзіндегі мемлекеттер мен саяси топтардың қай-қайсысы болсын халықаралық саясаттың «европалық қорғаныс бірлестігінен» басқа түрін іздеп отырғанын сіздер байқадыңыздар ма? Осы түрді іздеудің барысына Совет Одағы мен халықтың демократия елдері сияқты, өрине, басқаша түрде Франция да, Великобритания да қатысып отырғандығын сіздер байқадыңыздар ма? Мұндай жағдайда құрғақ күтумен шектелуге болмайды. Жаңа түрді жасауға міндетті түрде араласу керек және оған үлес қосуға әзір болу керек. Бұл ретте халықтардың хауіпсіздігі мен бейбітшілігіне хауіп төндірмейтін жамын еске алу керек. Мәселе «европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договорды ратификациялауды тездету және кейінге қалдыру туралы болып отырған жоқ. Мәселе шиеленісімілікті бәсеңдету жөніндегі халықаралық саясаттың жаңа сатысына Италияны белсенділікпен қатыстыруда болып отыр.

Германиядағы кездейсоқ апат

БЕРЛИН, 11 июль. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда Батыс Германияның Австриямен шекаралас ауданында нәсерлерге және ыстықтың шұғыл күшеюіне байланысты туған кездейсоқ апат әлі аяқталған жоқ.

Альпаларда және Бавар тауларында тау басынан қар төмен сырғыған. Осының және жаңбырлардың салдарынан Дунайдың, Инның және Излардың суы зияттен шығып кеткен. Көптеген көпірлер мен плотиналарды су басқан және оларды су арызып әкеткен.

Дунайда су 7-8 метр көтерілген. Қардың сырғып түсуі және құлауы салдарынан көптеген тас және темір жолдарда қатынас тоқтаған. Мюнхеннен алынған хабарларға қарағанда, Баварияда 12 адам өлген және мыңдаған тұрғындар өздерінің қоныстарын тастап кетуге мәжбүр болған.

Поль Робсон АҚШ-та жұмыссыз қалып отыр

НЬЮ-ЙОРК, 11 июль. (СОТА). «Ассошиэтед Пресс» агенттігінің хабарына қарағанда, бұдан 4 жыл бұрын АҚШ өкмет орындары шетелге баратын паспорттың тартып алғаннан кейін Поль Робсон Құрама Штаттардан 6 ай мерзімге Англияға және басқа европалық елдерге ба-

су тасқыны Дунайдағы Пассау қаласына, Розенгейнге (Инның жоғарғы ағысы), сол сияқты, Пассау түбіндегі австриялық Зальцбург қаласына (Зальц өзенінде) хауіп төндіруде. Мұнда плотина қираған, соның салдарынан төтенше жағдай жарияланған. Бүлінген үйлерден 5 мыңнан аса адам басқа жаққа көшірілген.

АДН агенттігінің хабарына қарағанда, су тасқыны Герман Демократиялық Республикасының бірқатар аудандарын да қамтыған. Карл Марксштадт, Лейпциг және Гера округтерінің бірқатар аудандарына хауіп төнуде. Герман Демократиялық Республикасының мемлекеттік органдары, полициясы, қоғамдық ұйымдары, сол сияқты, осы округтерде орналасқан советтік әскери бөлімдер су тасқынының хауіптеріне қарсы қажетті шараларды қолдануда.

ПОЛЬШАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕР ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ

ВАРШАВА, 9 июль. (СОТА). Поляк Халық Республикасында ауыл шаруашылығы өндірісін өркендетуде мемлекеттік жер шаруашылықтары маңызды роль атқарады. Кәзіргі уақытта елде көлемі 2,5 миллион гектардан аса, немесе елдің барлық жарамды жерлерінің 12,2 процентін алып жатқан бірнеше мың мемлекеттік жер шаруашылықтары бар.

Соғыстан кейінгі жылдарда ауылшаруашылық жұмыстарының кеңінен механикаландырылуы және агротехникалық ғылымның жаңа жетістіктерінің қолданылуы нәтижесінде мемлекеттік жер шаруашылықтарында ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі едәуір артты. 1948 жылмен салыстырғанда мемлекеттік жер шаруашылықтарында бидай мен арпаның өнімі 100 процент дерлік, қара бидайдың, қант қызылшасының және картоптың өнімділігі шамамен 80 процент арттырылды.

Мал шаруашылығы да едәуір өркендеді. Өткен жылдың аяғында мемлекеттік жер шаруашылықтарында 1948 жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қарамал басы үш еседен астам, шошқа—4 еседен астам және қой үш есе дерлік өсті.

Халықтың мемлекет мемлекеттік жер шаруашылықтарына жаңа ауылшаруашылық техникасымен мол жадықтап отыр. Кәзір мемлекеттік жер шаруашылықтарында 29 мың дерлік трактор, көптеген комбайндар бар.

Жуырда Варшавада болып өткен Польша Біріккен жұмысшылар партиясы Орталық Комитетінің екінші пленумы таяудағы екі жылдың ішінде 800 мың гектарға жуық тыңайған және бос жатқан жерлерді игерудің программасын жасап берді. Бұл жерлердің едәуір бөлегін мемлекеттік жер шаруашылықтары игеретін болады.

ЧЕХОСЛОВАКИЯ МЕН ИНДОНЕЗИЯ АРАСЫНДАҒЫ ЖАҢА САУДА КЕЛІСІМІ

ПРАГА, 10 июль. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, үстіміздегі жылдың 8 июліне Индонезия және Чехословакия делегацияларының арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде Прагада жаңа сауда келісіміне және екі елдің арасындағы төлемдер туралы келісімдерге қол қойылған. Чехословакия Индонезиядан Каучук, қалайы, бұрыш және басқа товарлар алатын болады. Чехословакия өз тарапынан Индонезияға металл өңдейтін станоктар, тоқыма өнеркәсібі үшін станоктар, дизель моторларын, электр моторларын, автомобильдер, тоқыма, сіреңке, қағаз, шығы және тағы басқа товарлар беретін болады.

Жаңа келісім екі елдің арасындағы бұрыннан бар сауда байланыстарын мұнан былай да кеңейтіп, нығайтуға бағытталған.

ПУЭРТО-РИКО ЖҮК ТИЕУШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

НЬЮ-ЙОРК, 10 июль. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газеті тілшісінің Сан-Хуаннан (Пуэрто-Рико) берген хабарына қарағанда, онда 8 мың порт жүк тиеушілері

да (Маршалл аралдарында) апатқа ұшырататын қаруларға байқау жүргізуге гез арада тыйым салынуын талап етеді.

Маршалл аралдары тұрғындарының петициясынан және Совет Одағы қарарының жобасынан тыс комитеттің қарауына Англия, Франция және Бельгия делегациялары ұсынған қарар жобалары тапсырылып отыр. Бұл отар мемлекеттердің қарарларының бірлескен жобалары Құрама Штаттарының және оның арнаулы өкілінің басқарушы өкімет орындары қамқорлықтағы жерлердің зыян шеккен тұрғындарына көмек көрсетті, «барлық зыян шеккендер айықты», сонымен қатар, осыған байланысты Құрама Штаттар ниетінен «жауіспіздік шараларын» қолданып, бұдан былай да сүтегі бомбаларына байқауды жүргізе береді деп көпірме сөздермен сендіргенін мейлінше мадақтайды.

Бірінші болып сөз сөйлеген Құрама Штаттардың өкілі «арал халқының келешекте тыныштығын сақтауды қамтамасыз ету үшін» АҚШ мүмкін болғанын

оған ССРО, Индия, Сирия және басқа бір-қатар делегациялар өкілдерінің қойған сұрақтарының бірде-біріне нақты жауап бермеді. Тұрақты комитеттің мәжілісіндегі Хеймнің мұндай дерекіліктері, шетелдік тілшілердің пікіріне қарағанда, оның комитетте петиция берушілердің және Маршалл аралдары тұрғындарының өкілі болмай, қайта Құрама Штаттардың БҰҰ жағындағы делегациясының өкілі болғандығынан туып отырған көрінеді. Өйткені, америка делегациясының жариялаған документіне қарағанда, ол сол делегацияның мүшесі көрінеді.

Сирияның өкілі Құрама Штаттардың өкіліне қамқорлықтағы жерлерде атом қаруына байқау жүргізу БҰҰ уставының мақсаттарына сай келе ме деген сұрақ қойды. Сирия өкілінің кейін наразылық білдірген сөзінде атап көрсетілгеніндей, Құрама Штаттардың өкілі бұл сұраққа дерекілікпен жауап берген.

Петицияны қарау комитетте 12 июльде онан әрі жүргізіледі.

АҚШ-тың әскери қызметшілерінің Чехословакия шекарасын бұзуы

ПРАГА, (СОТА). Чехословакия Республикасының сыртқы істер министрі АҚШ-тың Прагадағы елшілігіне мынадай мазмұнда нота жіберді:

АҚШ-тың Батыс Германиядағы оккупациялық әскерлерінің бір топ әскери қызметшілері 1954 жылғы 4 июльде 19 саратта Чехословакия Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзды. Жеті адамнан құралған топ Павлув Студенец селосы ауданында Чехословакия территориясына жарты километрдей өтті. Американдық әскери қызметшілері байқау жұмыстарымен шұғылданды, ал олардың біреуі төңіректі фотосуретке түсірді. Чехословакияның шекарашылары шекара бұзушыларды ұстап алуға әрекеттенгенде, шекара бұзушылар Батыс Германия жағына қарай қаша жөнелді. Шекарашылар бүкіл топты ұстап алды. Ұсталғандар Вилсецкіде орналасқан № 816 артиллерия бөлімінің әскери қызметшілері болып шықты. Топты капитан Джек Дэвис басқарған.

Шекара бұзушылар ұсталған кезде олардан екі фотоаппарат табылды. Бұл фотоаппараттардан алынған пленка аме-

рикан әскери қызметшілерінің Чехословакия территориясында шекаралық маңызы объектілерді фотосуретке түсіріп алғанын көрсетеді.

Ұсталған американдық әскери қызметшілері шекараға өздерінің автомашинаға отырып келгенін, оны Батыс Германия территориясында қалдырғанын мәлімдеді. Олар айқын белгіленген шекарадан өздерінің өтіп кеткендігін білгенін мәлімдеді. Бұл мойындаушылық, сондай-ақ американдық әскери қызметшілерінің Чехословакия территориясында жасырынып, байқаумен және фотосуретке түсірумен шұғылданып, одан кейін қашып кетуіне әрекеттенгенін қателескендік емес екендігін және американдық әскери қызметшілерінің Чехословакия территориясына шпиондық мақсатпен келгендігін айқын дәлелдейді.

Чехословакия Республикасы үкметінің тапсыруы бойынша сыртқы істер министрі Чехословакия территориясының ешкім тиеуі тәртібінің бұзылуына қарсы батыл наразылық білдіретіндігін мәлімдейді.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚ СОТ ПРОЦЕСІНІҢ КҮЙРЕУІ

НЬЮ-Йорк, 10 июль. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газеті тілшісінің Рио-де-Жанейродан берген хабарына қарағанда, Бразилияның арнаулы соғыс трибуналы әскери адамдардың арасында жүргізген арандатушылық әрекеттері үшін айыпталған 44 адамды бірауыздан ақтарған.

Қорғаушылардың мәлімдеулеріне қарағанда, деп атап көрсетеді тілші, бұл іс

Құрама Штаттар агенттерінің ойлап шығарған зұлымдықтары. «Импренса популар» газеті бұл сот процесін «лайықсыз әрекет» деп бағалап, ол әрекеттері «Маккарти жақтайтын солтүстік-американдық қарулы күштерінің Бразилияға өткен элементтері жасағандығын» қорғаушылар атап көрсеткенін жазады.

ТҮРКИЯДАҒЫ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

СТАМБУЛ, 10 июль. (СОТА). «Дюнья» газетінің хабарына қарағанда, Стамбулда азық-түлік товарларының бағасы өткен

жылмен салыстырғанда 18 процент, пәтер ақы 20 процент, жылыту мен жарыққа төленетін ақы 28,5 процент қымбаттаған.

Монголиядағы халықтық революцияның 33 жылдығы

«Хиндустан стандарт» газеті АҚШ-тың Азиядағы агрессияшы саясатын сынап жазады: «Азиядағы жаңа күштер арасындағы ара қатынастарды тану тұрғысынан біз Қытайды танудың маңыздылығын қажет деп есептейміз».

«Бұл Құрама Штаттарға ұнай ма, жоқ па,—деп жазады «Хиндустан таймс» газеті,— Женева кеңесінің коммунистік Қытайды халықаралық күш есебінде жаппай тануды атап өткендігі талассыз факті болып табылады».

ҚХР-дің БҰҰ-дағы орнына байланысты «Индия экспресс» газеті: «Қытай БҰҰ-ның мүшесі және Хауіспіздік Советінде оның тұрақты орны бар. Көзіркі уақытта бұл орындары Формозадағы «үкметтің» өкілі алып отыр, ол «үкмет» ешқандай Қытайдың өкілі бола алмайды. Премьер-министр Неру және Индияның басқа саяси қайраткерлері Формозаның емес, Орталық халық үкметі тағайындаған кісі арқылы Қытайдың өкілдік алуын жақтап, бірнеше рет батыл пікір білдірген болатын» деп жазады.

Монголиядағы халықтық революцияның 33 жылдығы

УЛАН-БАТОР, 11 июль. (СОТА). Монгол халқы өзінің ұлттық мерекесі — халықтық революцияның 33 жылдығын салтанатпен қарсы алуға. Кеше мемлекеттік музыкалы-драма театрында халықтық революцияның 33 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болып өтті. Мәжіліске Монгол халық-революциялық партиясының және республика үкметінің басшылары, ССРО-ның Монгол Халық Республикасындағы Елшісі Писарев, ҚХР

мен халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері қатысты.

Монгол халық-революциялық партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Дамба халықтық революцияның 33 жылдығы туралы баяндама жасады.

Салтанатты мәжіліске қатысушылар СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне зор өрлеу үстінде құттықтау қабылдады.

ГДР Министрлер Советінің мәжілісі

БЕРЛИН, 9 июль. (СОТА). ГДР премьер-министрінің жанындағы баспасөз ведомствосының хабар еткеніндей, кеше Герман Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің мәжілісі болған. Министрлер Советі республикада денсаулық сақтау жағдайын онан әрі жақсартуға байланысты мәселелер қарады. Министрлер Советінің денсаулық сақтау, медицина ғылымы мен фармацевтикалық өнеркәсібі өкілдерінің қатысуымен болған мәжілісінде Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь сөз сөйлеген.

Республикада құрылған демократиялық қоғамдық құрылыс жағдайында, деп атап көрсеткен Гротеволь, адам ең қымбатты

болып табылады. Біз адамдардың денсаулығы, олардың материалдық және рухани мүмкіншіліктері жөнінде үнемі қамқорлық жасап отырамыз. Олардың тұрмыс жағдайларын жақсартамыз.

ГДР-да денсаулық сақтау ісінің соңғы жылдардағы табыстарын атап көрсетіп, Гротеволь денсаулық сақтау ісін онан әрі жақсартудың міндеттеріне тоқталған.

Министрлер Советі премьер-министр Отто Гротевольдің баяндамасын талқылап, Герман Демократиялық Республикасы еңбекшілерінің денсаулығын сақтауды онан әрі жақсарту жөнінде нақтылы шараларды жүзеге асыру қарастырылған қарар қабылдады.

екі аптадан бері ереуіл жасауда. Жұк тлеушілердің ереуілі аралдағы негізгі порттардың жұмысын мүлдем тоқтатқан. Жұмысшылар жалақының арттырылуын және еңбек жағдайының жақсартылуын талап етуде.

УРУГВАЙДА САЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҒЫНЫҢ ӨСУІ

МОНТЕВИДЕО, 11 июль. (СОТА). Соңғы кезде Уругвайда салықтар күрт өскен. Мұның өзі еңбекшілерге үлкен ауыртпалық болып отыр. «Эль дебатс» газетінің хабарынша, 1954 жылдың бірінші тоқсанында 110 миллион песо мөлшерінде салық жыйналған. Ал, өткен жылдың осы мерзімінде жыйналған салықтың мөлшері 63 миллион песо болатын. Осы мерзім ішінде тікелей салықтардың мөлшері 55 процент өскен.

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЕСІНЕ

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет атқомі осы жығы 17 июльде, күндізгі сағат 2-де мәдениет және демалыс паркіндегі жазғы театр үйінде еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің XII сессиясы (төртінші шақырылуы) шақырылатындығын қалалық Совет депутаттарының есіне салады.

Қалалық Совет атқомі.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ЖАЗҒЫ ТЕАТРДА КУЗБАСС МУЗЫКАЛЫ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ

басталды

- | | |
|----|---------------------|
| 13 | ТРЕМБИТА |
| 14 | МАРИКАНЫҢ БАҚЫТЫ |
| 15 | ТЕҢІЗ ТҮЙІНІ |
| 16 | ҚЫЗДЫҢ САСҚАЛАҚТАУЫ |

Барлық спектакльдерге театр кассасында күндізгі сағат 2-ден кешкі сағат 9-ға дейін алдын-ала билеттер сатылады.

3-83 телефон арқылы.

Коллективтерден заявқалар қабылданады.

Спектакльдер кешкі сағат 8-30-да, күндіз сағат 12-де басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында «КӨМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТ» деген көркем суретті фильм көрсете бастайды. Фильмді Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясы 1954 жылы жасап шығарған.

Петропавл қаласы, Қарағанды көшесі, 6-үйде тұрушы Антонина Ивановна Болтышева Василий Кириллович Болтышевтан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотында қаралады.



УДАРНИК КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

«КАРЛ ШВАЛЬБТИҢ ҚАТЕСІ»

«МАЛАХОВ ҚОРҒАНЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Сағат 12-2-4-те басталады.

ҚАЗАҚ ССР СОВХОЗДАР МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ МАЛДӘРІГЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ

Екі жылдық бухгалтерлер даярлайтын бөлімге оқушылар алады.

Техникум орта мамандықтағы бухгалтерлер даярлайды.

Оқуға 17 жастан 30 жасқа дейінгі, 10 класс көлемінде білімі бар азаматтар қабылданады.

Оқуға қабылданғандар орыс тілі және әдебиеттен (жазбаша-шығарма жазу), математикадан (жазбаша және ауызша) емтихан тапсырады.

Қабылдау емтиханы августтың 6-нан 20-на дейін өткізіледі.

Арызбен бірге мына документтер: 10 класты бітіргендігі туралы аттестаты, туған жылы туралы куәлігінің көшірмесі, денсаулығы туралы анықтама, өмір баяны, 3 фотосуреті қоса тапсырылуы керек. Паспортын, әскери билетін (әскери міндеттілер үшін) өздері келгенде көрсетеді.

Арыздар 5 августқа дейін қабылданады.

Оқу 1 сентябрьде басталады.

Оқуға қабылданғандарға 180 сом мөлшерінде стипендия беріледі.

Үйі жоқтар жатақханамен қамтамасыз етіледі немесе 30 сом мөлшерінде пәтер ақы төленеді.

Арыздарды мына адреске жіберу керек: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Крупская атындағы көше, 47 үй. (Ойқала), зоо-техникалық-малдәрігерлік техникумы.

Арыздарды мына адреске жіберу керек: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Крупская атындағы көше, 47 үй. (Ойқала), зоо-техникалық-малдәрігерлік техникумы.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-38, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.